

Жаннан қымбат оларға ар,  
Мен жастарға сенемін.

Мағжан

# АҚМЕШІТ

# ЖАСТАРАҒЫ

№ 52 (537)  
28 желтоқсан, 2023 жыл



Газет 2013 жылдың  
қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті



Он екі айдың қалай өтетіні кім-кімді де ойландыратыны хақ. Жеке бастың жайы, мемлекеттік мәселе, өлемдік ахуалдың қалай өрбитіні де қызық. Келер жылдың сәттілігі мен ырысы қандай? Тиісінше қамданатын қауіп бар ма? Бұл сұрақтар да көкейден кетпей қойды. Осы орайда нумеролог Жаня Кәрімханмен әңгімелестік.

– Ұлуды «Ұлы жыл» немесе «Үлгілі жыл» деп баға берген. Бұл қаншалықты дұрыс? Жалпы, келер жылға қандай болжам айтасыз?

– Қазақ – дана халық. Он екі жылға он екі жануарды бекер байланыстырмайды. Әрқайсысының өзіндік мағынасы бар. Мәселен, барыс – бірліктің, тышқан – тынбай еңбек етудің жылы. Ал ұлу молшылық мағынасымен астасып жатыр. Ежелден халқымыз егін және мал шаруашылығымен айналысқаны белгілі. Осылайша ауа-райына тәуелді болған көшпенділер қоян жылынан кейін құрғақшылық болмасын, жауын-шашын мол болсын деген оймен келесі жылды ұлу деп



Бұл жаман деген сөз емес. Керісінше қиындық пен сынақты жеңіп шығуға болатынын ұғынды. Яғни адам өзін танытын, ішкі әлеміне үңілетін өзгеше жыл болды. Тіпті психолог-коучтардың көбеюі, олардың қоғамға әсер етуі, сұраныста болуы соның айғағы. Быыл халықтың санасы трансформацияланды. Ал 2024 жылға тұрақтылық пен табандылық тән.

– Жайлы өмір сүру үшін қаражат көрегі түсінікті. Ұлу жылы табысқа көнелте ме? Нумерология не дейді?

– Нумерология бойынша ұлу жылы 8 санымен сәйкес келеді. Бұл – табысты сан. Себебі шексіздікті білдіреді. Демек қосымша табыс тауып, бизнес ашуға тәуекел етсе табыс екі есе артақ. Ал жалқаулануы, іске құлықсыз болу шығынға ұшыратады. Ұлуды табыс пен қаржы көзі десе артық емес.

## ҰЛУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ТОҒЫН ӨЗГЕРІСТЕР

Табандылықты талап ететінін естен шығармаған жөн. Адам алдына қандай арман-мақсат қойса, жыл соңына дейін діттегеніне жетеді.

– Жаңа жыл өлімізге ғана емес, өлемге қалай ықпал етпек? Қандай өзгерістер орын алуы мүмкін?

– Қазақтар үшін ұлу жылы болғанымен, бұл әлем үшін айдаһар жылы. Сондықтан күтпеген жағдайлар орын алып, саясатта жаңалықтар болады. Мәселен, министр немесе саясаткерлер алдағы ахуалды болжап, ықтимал жауабын біліп отырады ғой. Бірақ бұл жылы тосын жайттар, әртүрлі оқиға оқиға болады. Әлемде болып жатқан соғыс өрши түседі. Айдаһар жалынды әрі энергияға толы. Сол себепті жан-жақтан жаңалық көбейеді.

2024 әділдік және адалдық жылы. Көп нәрседе әділдік орнайды. Елімізде заңнама бойынша біраз заңдар қабылданып, оған халық разы болады. Заңда күрделі өзгеріс күтіп тұр.

– Ұлу жылының элементіне тоқталсаңыз...

– Ұлу жылының элементі – от. 2022, 2023 және 2024 осы стихиямен байланысты. Яғни адам санасында өзгеріс болып, жаңа мамандықтар пайда болады. Сондай-ақ тосын жағдайға да дайын болу керек. Байқасаңыз, оттың жақсы да, жаман тұсы да қатар жүреді. Жалындап тұрған адамның өмірінде оң өзгеріс, жарқын болашақ болады. Эмоционалды тұрғыда өзін басқарып үйрену қажет. Өйткені адам арасында конфликт жиі өрбиді. Рухани құлдырамай, ішкі халдің әлсіремеуін

назарға алған абзал. Қысқасы, ұлу – батылдықты қажет ететін жыл.

– «Ескі жыл есірке, жаңа жыл жарылқа» деген тәмсіл бар. Аз ғана уақыттан кейін 2024-ті қарсы аламыз. Көпшілікке қандай кеңес бересіз?

– Өткенге өкпе арту адамға әсер етеді. Болашаққа көз тастап, әр сәтті сезінген дұрыс. Жаңа жылдың алдында үй ішін айнадай жалтыратып, артық қоқыстан тазалаймыз ғой. Сол сияқты ішкі жан-дүниені де реттеу маңызды. Негативсіз жаңа жылға еніп, жанымызға жақын жанға жылы лебіз білдірген жақсы. 31 желтоқсан және 22 наурыз мереке ретінде бекер таңдалмаған. Бұл күндері ай мен күннің энергиясы мықты болады. Мұның адамға да ықпал ететіні шындық. Жаңа жылды қалай қарсы алсаң, алдағы жылың солай өтеді деген бар. 29 желтоқсаннан 3 қаңтарға дейін жақсы энергияда болған жанды да жайлы етеді. Қуаныш пен позитивті көңіл-күйді сақтау керек.

– Бір жылдың жолын жүріп өтіп, кейінге қарап, қандай із қалдырдық деу – әрбір адамның да, мемлекеттің де, кез келген ұжымның да ойындағы іс, бойындағы қасиет. Сыр өңіріндегі қай салада болса да игі бастама мен оң өзгерістер жетерлік. Өлбетте, оның барлығын жіпке тізгендей айтып беруге болар, бірақ бір атанға жүк болардай осынау жетістіктер жолына қысқаша шолу жасағанды жөн көрдік.

Бір жыл. 365 күн. 52 апта.

Білім – бақтың жібермейтін қазығы

Елдің болашағына барар төте жол, сапалы ұрпақтың алтын кілті – білімде. Көзі ашық, көкірегі ояу тұлғаларды қалыптастыру – аға ұрпақтың мойнындағы жүк. Осы салада биыл қандай жетістіктер болды? Өрине, ұстаздар мен оқушылардың ішінара жетіп жүрген белесі мен биіктері – өз алдына бір төбе. «Білім беруге жағдай жасамаған ел түрмені көптеп салуға мәжбүр болады» деген ойды оқыған едім.

Сұхбаттасқан  
Замира  
ҚОНЫСЖАН

Ал өңірде ашылып жатқан мектеп пен жаңарып жатқан білім ошақтарын санауға саусақ жетпейді. Оның барлығы да қара орман халықтың көз алдында өтіп жатыр.

Мәселен, қаланың шет бөліктерінің бірі – «Сабалақ» саяжайы тұрғындарының басты мұңы мектеп болатын. Білім алуға ынта-ықыласы мол әрбір шәкірттің санасына сәуле шашатын мықты ұстаздар шоғырланған білім ошағы – 150 орындық №285 мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты Ұлыстың ұлы күні қарсаңында есігін айқара ашты.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың, Үкімет деңгейіндегі жан-жақты қолдауды және бірлескен жұмыстардың нәтижесінде Сыр өңірінде тың жобалар жүзеге асуда. Біз адам капиталды дамыту және білім сапасын арттыру мемлекеттің негізгі міндеттерінің бірі екенін әрдайым айтамыз.



2 бетте



## ЖАЛЫНДЫ ЖАСТАР МАРПАТ БАҒЫНДА

Өз алдына егемен ел болған Қазақстанның болашағы бүгінгі жастардың қолында. Иә, бұл үлкен жауапкершілікті қызылордалық жастар әсте жадынан шығарған емес. Олар тәуелсіздіктің тұғырлы болуы жолында ымырамен һәм ауызбіршілікпен іс қылуды мақсат етеді. Сөзімізге «Qosyl премия» кеші дәлел. Қорытынды шарада қала әкімі Асылбек Шәменов әр салада табанды һәм жауапкершілікпен еңбек етіп жатқан бірқатар жастарға «Самғау» сыйлығын табыс етті. – Биыл Сыр өңірі үшін айтулы оқиғалар болды. Қос тойымыз қабат келіп, аймақтың 85 жылдық, шаһардың 205 жылдық мерейтойын сән-салтанатпен атап өттік. Бұл мерекеде жастар белсенділік танытып, ауызбіршіліктің жарқын үлгісін көрсетіп, қоғамның қозғаушы күші екендігін дәлелдеді. Жастар бастамаларының тұрақты қолдауға ие болуының арқасында Қызылордада жастар саясаты саласында ауқымды жұмыс атқарылуда. Сондай-ақ жастардың жұмыссыздық деңгейі 4,6%-ға дейін төмендеп, аймақ басшысының қолдауымен алғаш рет «Сыр жастары»


ипотекалық бағдарламасы қабылданды. Бұл бағдарлама арқылы өңір жастарына жыл сайын 100 пәтердің кілті табысталады. Қолдаулар легі мұнымен тоқтамайды. Біз әрбір жастың қабілетін шыңдауға дайынбыз», – деді Асылбек Шәменов.

Қазір елімізде жастардың дамуына барлық мүмкіндік қарастырылған. Оның дәлелі – биыл Мемлекеттік жастар саясаты туралы Заңға өзгерістер енгізіліп, жастар санаты 35 жасқа дейін ұзартылды. Сондай-ақ, жергілікті мемлекеттік органдарды бағалау көрсеткішіне «Жастардың даму индексі» қосылды.

– Биыл көп іс атқардық. Жобалар нәтижесін берді. Жасыратыны жоқ, жастар белсенді. Қай салада болмасын, көзге көрініп, жетістікке жетіп жүргендер баршылық. Аймақта мемлекеттік жастар саясатын дамытуға үлес қосып жүрген жастарды «қызықты премиялармен» марапаттадық, – дейді «Qosyl» жастар орталығының директоры Өлібі Басаров.

Бұл көрсеткіште де жыл сайын өсім болып отыр. Бүгінгі шарада аудан әлеуетін көтеруде, тәуелсіздіктің баянды болуы жолында жастардың қолға алған ауқымды істері аға буынның ой-пікіріне арқау болды. Демек, қала жастары алдыңғы буынды өзіне бағдаршам деп тануының арқасында жобаларының жемісін көріп жатыр.

Мәлдір САБЫРЖАН



## Кәсіптің көзін тапсаңыз, ақшаға толар қалтаңыз...

Жаңа жыл таяған сайын тірлік қыза түседі. Айналаға объективпен қарайтын фотографтардың, орталық алаңдағы мақта, көмпит сататындар мен түрлі үлгідегі жан-жануарлар киімін кигендердің, әсіресе, Аяз ата мен Ақшақардың жұмысы үдейді. Өлбетте, бір жылдың бір күнінде ғана жұмыс істеп, қалған 364 күннің нәпақасын табу оңай емес. Ол үшін сұраныс керек, ал сұранысқа сай әрекет кез келген кәсіп үшін бірінші орында тұрады. Алда келе жатқан мереке тұсында балаларға арналған жаңажылдық киімдерді жалға беру де қызу қарқын ала түскен. Біз осы бағытта халықтан, жалға берушіден сұраныс жайлы сұрап, зерттеп көрген едік. Меруерт – облыс орталығының тұрғыны. Ол бірнеше жылдан бері жаңажылдық киімдерді жалға берумен айналысып келеді. Өрине, он жылдың ар жақ-бер жағында жұмысын

жүйелеп, тұрақты кәсіпке айналдырғандар жетерлік. Бірақ қазір Меруерт сияқты шағын ғана кәсіппен жұртшылыққа қызмет көрсетіп жүргендер көбейді. Оның артықшылығы да жетерлік. «Егер кәсіптің көзін тауып, іске кірісемін десеңіз, құба-құл. Сәл ойлансаңыз жеткілікті. Адам өзінің басынан өтпей, ешнәрсенің байыбына бара бермейді. Мен өзімнің балама киім іздедім, сосын ойлана келе бір емес, бірнеше балама бар екенін, олардың бірінің ізін бірі басып жатқанын ойлап, жалға алуды емес, сатып алуды ойладым. Нәтижесінде алған киімімді бір балам ғана киді, қалғанына басқасы керек болды. Азын-аулақ қаражатым бар болатын,

жаңа жылдан екі ай бұрын бірнеше түрінен киім алдым да, көзді жұмып бастап кеттім. Қазір ауыл халқына жібермейміз, тек қала халқы үшін осы қызметті ұсынып отырмыз. Киім сапасына қарай 1500-5000 теңге аралығында жалға берудеміз», – дейді ол.

5 бетте





**Жалғасы. Басы 1-бетте**

Өңірде заманауи жаңа білім ошақтары бой көтеріп, жас ұрпақтың сапалы білім, саналы тәрбие алуына бар жағдай жасалуда. Өткен жылы облыста 19 балабақша, 6 мектеп, Жалағаш ауданында «Оқушылар үйі» және «Өнер мектебі» пайдалануға берілді. Туған жерге жанашыр меценаттар, кәсіпкерлер 9 млрд теңгеден астам демеушілік қаржыға ауқымды жобаларды жүзеге асырды. Нәтижесінде 80 спорт-ойын алаңы, демалыс паркттері мен аллеялар ел игілігіне табысталды. Қызылорда қаласында «Анаға тағзым» орталығы, Арал ауданы Тоқабай ауылында жаңа мектеп құрылысы жүргізілуде.

«ҚазГерМұнай» ұлттық компаниясы басшылығымен келісім нәтижесінде Қызылорда қаласында заманауи үлгідегі «Оқушылар сарайының» жобасы басталады. Алдағы уақытта да мемлекет, облыс басшылығы тарапынан бүлдіршіндерді, талантты оқушыларды қолдау тұрақты жүргізіледі, – деген еді облыс әкімі білім саласына мемлекеттің жасап жатқан жағдайына тоқталып.

Айта кетейік, биыл «Бейтерек» шағын ауданында да №287 жаңа мектеп пайдалануға беріліп, жақын аудандағы №261, 280 мектептердің жүктемесі азайды. Оқушылар заман талабына сай, сапалы білім ошағында оқи бастады. Қызылорда қаласының өзінде 2 жаңа мектеп ашылса, 4 мектепке қосымша ғимарат

пайдалануға беріліп, ұрпақтың сапалы білім нәрімен сусындауына барынша жағдай жасалды. Мектеп құрылысы туралы тақырыптің ағытылса, «Жайлы мектеп» жобасы ойға оралады. Осы ұлттық жоба аясында 12 300 орындық 21 заманауи мектеп ашылады. Оның 10-ының құрылысы биыл басталды, қалған 11-інің іргетасы келер жылы қаланады деп күтілуде.

Айтпақшы, білім ошағында балаларды тасымалдау үшін жаңа үлгідегі 30 автобус сатылып алынып, ең қажет деген білім ошақтарына үлестірілді. Мұның өзі сан жылдан бері қол жеткізіп отырған басты жетістіктер. Биыл 102 оқушы республикалық, халықаралық деңгейдегі пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобалар байқауының жеңімпазы атанды. Ал ұстаздардың өзі сан алуан жетістікке қол жеткізіп келеді. Таяуда ғана жерлесіміз, білікті ұстаз Өсел Пірмағанбетованың республикалық деңгейде «Үздік педагог» атануы Сыр ұстаздарының мерейін үстем, абыройын асқақ етті.

**Халық денсаулығы басты назарда**

Адамзат үшін қоғамдағы ең қажетті, ең маңызды екі сала болса, оның бірі – білім, екіншісі – медицина. Ұстаз ұлттың жаны емдесе, дәрігер тәнін емдейді. Сыр медицинасы да тың серпін алды. Өлбетте, биыл Қызылорда облысындағы медицинада сең қозғалды. Олай деуіміздің себебі де жоқ емес. Бір салада бір мекемені жылдар бойы басқарып келген басшылар орнынан жылжып, басқа емдеу орындарына ауысты. Иә, басқарма басшысы қызметіне де жаңадан жас буын келіп, іске кірісті. «Жас келсе, іске» дейтін қазақ даналығының бір мысалына айналғандай болды осы жыл.

Мемлекет адам капиталын басты байлық санайды. Денсаулық сақтау саласына қолдау аз болмады. Осы жылы медицина саласына 138, 6 млрд теңге бөлінді. Қызылорда қаласында 36,4 млрд теңгеге бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы және онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухананың құрылысы басталды. Құны 2,9 млрд теңге тұратын Қан орталығының құрылысы жүргізілуде. Келесі жылы пайдалануға беріледі. Төменарық ауылында дәрігерлік амбулаториямен қоса, 15 төсекке арналған ауылдық аурухана құрылысы басталды. Бас-аяғы 9 медициналық нысанға күрделі жөндеу жүргізіліп, 5 нысанның жылу жүйесі табиғи газға ауыстырылуда. Бұл жұмыстарға 3,7 млрд теңге қаражат жұмсалды. Жыл соңына дейін көпбейінді облыстық аурухана жанынан 70 төсектік перинаталдық орталық, Қызылорда қаласына қарасты Досан елді мекенінде медициналық бекет, Жаңақорған ауданындағы көпбейінді аудандық орталық ауруханасы базасында балаларға Қамқорлық оңалту орталығы ашылып, денсаулық сақтау ұйымдарына 512,5 млн теңгеге 25 дана санитарлық көлік алынады. Өңірде тапшы мамандарды даярлау ісі жалғасуда. Осы жылға арнайы 24 грант бөлінген.

Биыл 575 дәрігер, 738 орта буын қызметкерінің білімін жетілдіруге 88 млн теңге қаралды. Ал денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жабдықтармен қамтамасыз етуге 4,0 млрд теңге қаржы бөлінді. Оған МРТ, УЗИ, рентген, видеогастроскоп, фибробронхоскоп аппараттары алынды. «Қазақстан халқына» қоры республика бойынша 3 облыста бар, құны 1,1 млрд теңге (1 091,0 млн теңге) тұратын онкологиялық скрининг жүргізуге арналған жылжымалы медициналық кешенмен қамтамасыз етті. Мұнда компьютерлі томограф, цифрлық рентген, ультратрадыстық аппарат қаралған. Бұл өз кезегінде шалғай елді мекендердегі облыс тұрғындарының жоғары мамандандырылған медициналық көмекке қолжетімділігін арттыруға, орташа өмір сүру жасын ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Айта кету керек, бұған дейін облыстық онкология орталығы көпбейінді облыстық ауруханасының емханалық ғимаратында орналасып, көлемінің жеткіліксіздігінен, химиотерапия алатын онкологиялық науқастарға және отадан кейінгі кезеңдерде үлкен қиындық туғызған болатын. Осы орайда, облыстық жұқпалы аурулар ауруханасының модульдік бөлімшесінің ғимаратын материалдық-техникалық

жабдықтарымен бірге облыстық онкология орталығына беріліп, қалыпты жұмысын жалғастыруда. Бүгінгі күні жүкті әйелдерге, босанатын, босанған әйелдерге, жаңа туған нәрестелерге және гинекологиялық науқастарға перинаталдық көмек көрсететін жалғыз медициналық ұйым – облыстық перинаталдық орталық. Осыған орай, орталық жүктемесін азайту және тар буынды мамандардың консультациясын шұғыл және дер кезінде ұйымдастыру мақсатында жанынан жыл соңына дейін 70 төсектік перинаталдық орталық ашылады. Бүгінгі күні балаларға арнайы мамандандырылған стационарлы соматикалық, нейрохирургиялық және хирургиялық медициналық көмек көрсететін жалғыз медициналық ұйым – 200 төсек орынға арналған көпбейінді облыстық балалар ауруханасы. Аурухана 200 төсек орынға арналғанымен, 360 төсек болып үстемемен жұмыс жасауда. Осыған байланысты, «Қамқорлық» ерте араласу оңалту орталығы бар. Көпбейінді қалалық балалар ауруханасын Қызылорда облыстық медициналық жедел жәрдем стансасының Астана көшесі, № 15 мекен-жайда орналасқан ғимарат базасында құру жұмыстары жүргізілуде. Аталған аурухана базасында даму бұзылыстары бар 3 жасқа дейінгі балаларға арналған ерте араласу орталығын ашу үшін 124,6 млн теңгеге құрал-жабдықпен «Қазақстан халқына қоры» арқылы қамтамасыз етілді. Қазіргі таңда ғимаратты реконструкциялау жұмыстарын жүргізу үшін жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленіп, мемлекеттік сараптамаға енгізілді. Астана көшесі, № 15 мекен-жайда орналасқан облыстық медициналық жедел жәрдем стансасы және облыстық жастар орталығы облыстық перинаталдық орталығының Ө. Бөкейхан көшесінде босаған ғимаратына көшіріледі. 2024 жылы заманауи перинаталдық орталықтың құрылысының жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленді, 2025 жылы республикалық бюджет есебінен Қызылорда қаласында 200 келушіге арналған заманауи перинаталдық орталықтың құрылысы басталады. Сол жағалаудан жер учаскісі бөлінді. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 4 (Арал, Қазалы, Шиели, Жаңақорған) көпбейінді аудандық орталық ауруханаға қосымша құрылыс салу арқылы қайта жаңғырту үшін жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан өткізілуде. Бұған 2024 жылы республикалық бюджет есебінен 3,5 млрд теңге жоспарланған, сондай-ақ медициналық техника сатып алуға биылға 933,3 млн теңге бөлінсе, 2025

жылы аса қымбат медициналық техника алуға 5 млрд теңге қаржы бөліну жоспарлануда. Ұлттық жоба аясында өңірде құны 11,0 млрд теңгені құрайтын 27 нысан тізімі енгізілді.

**Спорт саңлақтары серпінді дамудағы жолын жалғастырады**

Сырда спорт қарқынды дамуға бет алды. Өсіресе, жекпе-жек бағытындағы жетістіктер қоржыны толайым. Ал қазақ футболының көсегесін көгертеміз деп шынашақтай сөтінен арман қуып өсіп келе жатқан өрендердің бар екені қуантады. Әйтсе де, биылғы спорт саласында елді бір серпіліп тастаған ерекше оқиғаның бірі осы футболда болды. Бүгінде ел құрамасы аутсайдерден фаворитке айналды. Еуропа біріншілігінің іріктеу кезеңінде сәтті өнер көрсетіп, 2024 жылы Германиядағы көрі құрлықтың басты аламанының жолдамасын жеңіп алуға мүмкіндік алды. Бұл – биылдың басты сенсациясы. Сондай-ақ қызылордалық «Қайсар» да ел чемпионатында тәп-тәуір нәтиже көрсетті. Бірінші лигадан жаңа шыққан ұжым премьер-лигада көпшілік күтпеген сәттерге ие болды. 17 жылдан кейін Алматыда «Қайратты» 3:0 есебімен жеңіп, қызылордалық жанкүйерлерді қуантты. Жыл қорытындысымен «Қайсар» үздік алтылыққа енді.

**Сыр мәдениеті тұғырда**

Мәдениет саласы қашанда ерекше мәнге ие. Бұл салада қыруар тірлік атқарылуда. Аймақ басшысының бастамасымен көпфункционалды 1000 орындық «Өнер» орталығының құрылысы қарқынды жүргізілуде. Заманауи құрал-жабдықтармен қамтылады деген нысандағы жұмыс көз сүйсінер тұзу тірліктің біріне айналды. Өңірде классикалық өнерді дамыту, көрермендерге концерттерді кәсіби әрі жанды дауыста ұсыну мақсатында облыстық филармонияда кәсіби музыканттардан құралған симфония оркестрі жұмысын бастады. Оркестр құрамына ішекті, үрмелі және үрмалы аспаптар бойынша 50 кәсіби музыкант қабылданып, музыкалық аспаптармен қамтамасыз етілді. Оркестрдің көркемдік жетекшісі және бас дирижері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор Мүсілім Әмзе. Мәдениет және өнер қызметкерлері күніне орай облыс әкімінің мәдениет және әдебиет өкілдеріне арналған арнайы «Тұран» сыйлығы табысталып, облыс мәдениет ұйымдарындағы 8 өнер ұжымына 40 домбыра берілді (500 мың теңгеден жұлде қоры табысталды). Ақындыққа бейімді бар балаларды айтыс өнеріне баулу, шыңдау мақсатында тұңғыш рет «Айтыс олимпиадасы» облыстық балалар мен жасөспірімдер айтысы өткізілді. Сонымен қатар республика көлемінде тұңғыш рет Сырдың жас ақындарының Алматыдағы Поэзия күндері өтті. Балалар дәстүрін жаңғырту мақсатында «Қоңыр өңгіме» жобасы іске асырылды. Рухани кештің алғашқы қонақтары ақын, жазушы Ұларбек Нұрғалиұлы және жырау, фольклортанушы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері Алмас Алматы бабалар болмысындағы ізгі қасиеттер мен асыл құндылықтарды әңгіменің арқауы етті.



Биылдан бастап аймақ басшысының қолдауымен 13 маман шет елдерде біліктілігін арттырды. Облыстық филармонияның солистері 23-28 қазан аралығында Италия мемлекетінің Анкона қаласындағы Озимо опера академиясында біліктілігін арттырса, 20 қарашада театр, филармония және

халық шағармашылығы орталығының шығармашылық және техникалық мамандары шеберлік дәріске қатысу үшін Беларусь Республикасының Витебск қаласына

іссапармен барды. Аймақ басшысының қолдауымен араға 17 жыл салып, Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрының Алматы қаласында гастрольдік сапары ұйымдастырылды. Шығармашылық сапар аясында театр репертуарындағы 4 үздік қойылым аттылық көрермендерге ұсынылды. Шыңғыс Айтматовтың повесі желісінде «Жәмилә» драмасы, С.Раевтың «Ақ ләйлек» психологиялық драмасының, О.Нұрмахановтың «Көрұғлы» рухнамасының, А.Елгезектің «Болмаған балалық шақ» және бірқатар балалар қойылымдарының премьералары өтті. Мүмкіндігі шектеулі өнерпаздардың шығармашылығын шыңдауға арналған «Арман» инклюзивті театры іске қосылды. Бұған дейін Қызылорда қаласы өкімдігі жанында үйірме ретінде жұмыс жасап келген «Жастар театры» өз алдына кәсіби ұжым ретінде қайта құрылды. Отбасылық құндылықтарды нығайту, жас ұрпаққа рухани-адамгершілік тәрбие беру және заманауи қазақ анасының бейнесін қалыптастыруға бағытталған «Анаға тағзым» және «Отбасы» орталықтары пайдалануға берілді.

Аймақ басшысының қолдауымен облыстың 85 жылдығына орай тарихи деректердің көшірмесін алу мақсатында облыстық архив қызметкерлері Ресей Федерациясы Орынбор біріккен мемлекеттік архивінде зерделеу жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде XVIII-XIX ғасыр-

Бір жыл. 365 күн. 52 апта



Дәулет ҚЫРДАН



# ЖАСТАРСЫЗ АУЫЛ КӨРКЕЙМЕЙДІ

– Айбек Болатбекұлы, жуырда Президентпен жолығып, еңбек адамы және жастарды қажетті мамандыққа баулу төңірегінде ой бөлістіңіз. Кездесуден қандай әсер алдыңыз?

– Мемлекет басшысымен тілдесу кім-кімге болсын ерекше әсер қалдырары сөзсіз. Мен де шағын сұхбат барысында сырбойылық жастардың әлеуеті жөнінде пікір білдірдім. Өз кезегінде Президент жастардың еңбекқор, ұқыпты, отансүйгіш болуы керек екенін айтты. Сондай-ақ боламын деген жасқа әрқашан қолдау көрсетілетінін жеткізіп, ауыл жастарын жұмыспен қамту, жайлы өмір сүруіне жағдай жасау жалғасатынын тілге тиек етті. Ерекше ұнағаны, Президент кәсіпкерлерді ауылды қолдауға шақырды. Елді-мекен халқы үшін мұндай бастаманың маңызы зор.

– «Шаған жер» мекемесінде механизатор маманысыз. Мұндай мамандыққа бет бұруға не себеп болды? Сізбен тетелес буын жайлы орын мен жоғары лауазым қуатыны жасырын емес. Сізде мұндай таңдау болмады ма?

– Әрине, әркімнің таңдауы, өмірлік мақсаты әрқилы. Алға қойған арман-мақсатым туған жеріммен байланысты. Елге қызмет етіп, халыққа пайда тигізім

келді. Оның үстіне қолда бардың қадірін білген жөн. Ауыл маңындағы ырысты жерді игеруге септесу – перзенттік борышым.

Маман болып қалыптасуыма «Шаған жер» мекемесінің қосқан үлесі көп. 2015 жылы мектеп бітіріп, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде «Аграрлық техника және технологиялар» мамандығы бойынша білім алдым. Нағыз ауыл шаруашылығына керекті кәсіпті меңгерген соң аталған мекемеде еңбек жолымды бастап, туған ауылым – Шағанда білімімді кәдеге асырудамын. Шаруашылықта механизатор болсам, күзде комбайн жүргіземін. Ал көктем басталысымен трактор рөліне отырып, жер жырту жұмысына қатысамын.

– «Шаған жер» ауыл халқын жұмыспен қамтуда қаншалықты қолдау білдіруде?

– Шаруашылықта 4 жылдан бері еңбек етіп, жауапкершілік жүгін сезіндім. Егін егу немесе жинау маусымында жүктелген міндетті толығымен орындауға барымды салып келемін. Осы орайда «Шаған Жер» ЖШС директоры Жеңісбек Сыздықовтың мекемені ілгерілету бағытында жасаған қадамына тоқталғым келеді. Жастарды ауылға жұмысқа тарту, жұмыссыздық деңгейін



төмендету үшін жүйелі жұмыс істеуде. Мысалы, биыл 11 адамды Қызылорда қаласындағы И.Әбдікәрімов атындағы аграрлық-техникалық колледжде оқуға түсірді. Оның ішінде агроном, механизатор, веттехник сияқты мамандықтарға баса мән берілген. Шаруашылықтағы қызметкерлерін де қосымша оқыту жоспарда бар. Істің алға басуы білікті басшыдан екені анық.

– Жастардың ауылдан үдере көшу үрдісі бар. Ауылда жұмыс жоқ деген ұғым қаншалықты шындық?

– Жастарсыз ауыл көркеймейді. Әрбіріміз туған жерді қадірлеп, халыққа қамқор бола білуіміз керек. Қазір барлық мүмкіндік жасалған. Кәсіпкерлік мақсатта жер алуға, жеңілдетілген несиеге қол жеткізуге болады. Тіпті қайтарымсыз гранттың басым дені ауылдық жердегі кәсіпкерлерге беріледі.

Сонымен қатар ауылда жұмыс көзі жетерлік. Мемлекеттік мекеме

Еңбек адамын насихаттау жастардың тиімді мамандыққа ойысуына септесіп, экономикалық әлеуетті көтеруге жол ашары анық. Әсіресе, бұл үрдістің еңбек нарығындағы маман тапшылығын жоюға да көмегі зор. Осы орайда сырбойылық жас Айбек Уәлиев те аталған ойды құптап, жастарды адал еңбектің нанын жеп, ақысын алуға шақырады. «Шаған Жер» ЖШС механизатор болып қызмет ететін ол жуырда Мемлекет басшысының алдында сөз сөйлеп, ұстанымын жеткізген болатын. Апта басында жас механизатормен тілдестік.



немесе жеке шаруашылықтарда қызмет етуге жол ашық. Мен осы мүмкіндікті пайдаланып «Шаған жер» мекемесіне жұмысқа орналастым. Туған жер, өскен еңірде қызмет ету – бақыт.

Сұхбаттасқан Берен ШАҒЫРОВА

Жас әнші Қызылорда облысының Амангелді ауылында дүниеге келген. Өнер жолын небәрі 5 жасынан бастаған. Бала кезінен әлемдік сахнада өнер көрсетіп, мәдениетке жаңа серпін беруді армандаған. Ең алғаш «Ботақан» балаларға арналған байқауына қатысып, жеңімпаз атанған. Құралайдың талантына ата-анасы әрқашан қолдау танытып, өнер иесінің арманына кісен салмағаны мәлім. Өйткені Құралайдың екі әпкесі де өнерден кенде емес.

Кейіпкеріміздің айтуынша, талай талантты тұлғалардың басын біріктірген «Қазақстан дауысы» жобасына қатысу – балалық шағының ең үлкен арманы. Түркі халықтарының ұлы ойшылы, жырау, Сырдың бойын мекен еткен Қорқыт бабаның құрметіне арналған «Қорқыт-қобыз» әнін өзгеше шырқап, республикалық байқаудың алғашқы кезеңінен өтті. Қазылар алқасын таңқалдырды. Сәкен Майғазиевтің тәлімгерлігімен жобаның барлық кезеңінде жеңіске жетіп, бас жүлдені қанжығалады. Әлеуметтік желідегі Құралайдың жанкүйерлері «әлем танитын ғажайып қыз» деп жүрекжарды тілегін жолдап келеді.

Сырдың сандуғашы атанған Құралай Сәкен Майғазиевпен бірге Қазақстанның түкпір-түкпірін аралап, концерттік тур өткізген. Талайдың қошеметіне ие болып, жұртшылықтың ілтипатын алды.



Бұлбұл дауысымен көпшілікті таңқалдырып, киелі сахнаны бағындырып жүрген Сыр бойының өнер өкілдері аз емес. Солардың арасынан топ жарып, халықтың қолдауы мен қошеметіне ие болып жүрген коңыр үнді Құралай Мейрамбек қазақ елінің шашбауын әлемдік дәрежеде көтеруде. Ол «Қазақстан дауысы» жобасының жеңімпазы, ҚР Мәдениет және өнер саласының үздігі атанды.

– Құралай – жаратылысынан барлық мүмкіндікке ие қыз. Орындаушылық шеберлік, дауыс, сезім – Құралайдың

бойынан табылатын дарынды қасиеттер. Менің тәлімгерлігімде болған кезде берген тапсырмалардың бәрін мүлт етпей орындай алды, – дейді ҚР еңбек сіңірген қайраткері Сәкен Майғазиев.

Жезтаңдай қыз алтын дауысты аға-әпкелерінің әнін жаңғырта шырқап жүр. Қазақ мәдениетінің майталмандары да Құралайдың өнеріне жоғары баға береді. Сондай-ақ, жас талант «Жан өке», «Өмірім-өнерім» және «Неліктен қиын?» туындыларын халық назарына ұсынып, өнерде ізін қалдыруда.

Ол 13 жыл қатарынан ұйымдастырылған «Түрік олимпиадасынан» ең алғаш болып жеңіс тұғырынан көрінген. Осы жылдың шілде айында ұйымдастырылған «Славян хиті» байқауында да жүлдесіз қалмады. Сонымен қатар Болгарияны бағындырып, Халықаралық «САРАНДЕВ» ДОБРИЧ – 2023» жарысынан Гран-При иегері атанды. Жақында ғана Ұлыбританияда өткен Халықаралық «Golden Time Talent» байқауында «Қорқыт-қобыз» әнін шырқап, жүлделі I орынды иеленді.

Қазақ елінің мерейін күллі әлемге үстем етуді мақсат тұтқан Құралайдың белесі әлі алда.

Нұршат НЫШАНОВА

Құралай Мейрамбек:

ҚАЗАҚТЫ ӘЛЕМГЕ ТАНЫТАМЫН!



# ЖАРҚЫНБЕК ЖҮЛДЕГЕР АТАНДЫ



Ақ халатты арындай таза ұстап, Гиппократ антына берік болып жүрген дәрігерлер қандай құрметке болса да ие. Жалағаштық жас дәрігер Жарқынбек Сыдықов аудан әкімінің үздік жастарға табыстайтын «Жалын» сыйлығын иеленді. «Бұл – мандай тер мен табанды еңбектің, менің ғана емес, ұжымымның жемісі», – дейді ол. Дәрігер үшін әрбір минут

алтынмен пара-пар. Секундта адам тағдыры шешілуі мүмкін. Осы ретте хирург Жарқынбек Сыдықовпен қауырт тірлік арасында сөйлесудің сәті түсті. Отадан шығып, отаға кіретін білікті маман үшін кез-келген марапат пен мадақтан халықтың алғысы маңызды.

«Медицинада жеті жыл білім алып, алған білім мен жиған тәжірибем арқылы 2009 жылдан бастап елге қызмет етіп, хирург-травматолог болып еңбек етудемін. Алдыма келген әрбір науқас маған өз бауырымдай. Талпына жүріп, халықтың тән жарасынан бөлек, жан жарасын таңып, мейірім көрсетіп, алғысын алудамын. Бұл – үлкен мәртебе», – дейді ол.



Аудан халқы Жарқынбектей жарқын жүзді дәрігерін ұлықтап, аудан әкімінің жастар сыйлығына ұсынған болатын. Әрине, бұл марапатты ұжымның жеңісі, еңбектің жемісі деп ұғатын абзал жан алда да халыққа тоқтаусыз қызмет ететінін жеткізуде.

Кеуде сарайындағы осынау елге қызмет ету деген басты міндеттің үдесінен жауапкершілікпен шығып жүр.

«Әрине, жауапкершілік деген медицинада, оның ішінде хирургияда бірінші орында тұру керек. Егемен елдің ертеңін, дені сау ұрпақ қалыптастырып, бүгінгі толқынға қызмет етудеміз. Адам өмірін құтқаруда секундтар маңызды рөлге ие. Қай жағдайда жауапкершілікпен қараймыз. Кез келген уақытта қызметке дайын болу – басты міндетіміз. Алда да халыққа қызмет тоқтап қалмайды. Ал марапатқа келсек, бұл – еңбекті елеу. Ұжымның еңбегін көре білу деп түсінемін», – дейді ол.

Иә, қашан да қызметті алдыңғы қатарға қойып, тынымсыз тірлік пен ізденіс үстінде жүретін Жарқынбектің ерік-жігері мықты. Қазақтың осындай марғасқа ұлдары халық қамын ойлап жүр. Кейде тұғырға талпынып, жасанды қамқорлығымен көпшілік алдында жүргендердің мерейі үстем болып жатады. Тіпті, көп жағдайда десек болады. Сондайда Жарқынбек сияқты адал, еңбекқор азаматтар лайық еді



ғой деп қаласың. Міне, Жарқынбектің әр қадамы жарқын болашаққа бастап, халқын құтқарып жүр. Мерейің үстем болсын, дәрігер!

Денсаулық – кез-келген адам үшін баға жетпес байлық! Адам өмірін ұзартуға септігін тигізіп, ажалдан арашалаушы дәрігер мамандығын халқымыз ежелден қастерлеп, құрметтеген. Себебі, әр адам дүние есігін ашқан сәттен бастап, оның денінің саулығы мен амандығына ақ халатты абзал жандар жауапты. Бүгінгі кейіпкеріміз де адам өміріне араша түсетін дәрігерлік мамандықты таңдау үлкен жауапкершілікті жүктегенін тілге тиек етті. Алдағы уақытта да қастерлі мамандықтың қадірін арттыруға күш салмақ.

Дәулет ҚЫРДАН





**Жүргізуші куәлігін алуға байланысты өзгерістің көп болғаны белгілі. Тіпті тест тапсыру кезінде шикілік шығып, түк білмейтін адамдар да рөлде отыратын болды. Сондықтан куәлік алу жеңіл жолмен келмейді. Алғашқы сыннан өтпесе, меселі қайтпай қайта тапсыратындар бар. Ол үшін талап пен тәртіпке бағыну керек. Осы ретте «Қазақстанның автономектептер қауымдастығы» өңірдегі филиалының менеджері Әйкерім Шәмшімұратовамен сұхбаттасқан едік.**

айда 25-30 адам тіркеледі. Толық тізім қалыптасқаннан кейін сабақты бастап кетеміз. Бітірген соң келесі топ ашылады. Әсіресе қыз балалар куәлік алу, көлік айдау жөнінде көп сұрап, оқуға да ынта қояды. Бұл 18-30 жас аралығын қамтиды. Тіпті 45-50 ге таяған ересектердің де қызығушылығы басым.

**– Жол-көлік апаты аз емес. Бұл жүргізушілердің жауапсыздығынан ба?**



– Қалада автокөлік көп. Қызылорда да Алматыдан кем емес. Яғни бізде де жиі кептеліс болатыны бөріне белгілі. Қазір екінің бірі көлік жүргізеді. Өз қалтасынан немесе несиеге рәсімдеп алып, теміртұлпарды тізгіндейді. Сондықтан тәртіп ортақ, талап қатаң болған жөн.

де қамтамасыз етілмек. Тиісінше бұл жүргізушінің амандығына да кепіл. Градус, жылдамдық шегі, жол ережесі мен белгілерін жадыда сақтау қауіптің алдын алады. Көлік жүргізуге қабілетті болғанмен, теориялық тұрғыда білімсіздік қателікке ұрындырады. Қысқасы тәжірибе жинауда автономектептің орны айрықша. Мұнда жол нұсқайтын, бағыт-бағдар беретін білікті мамандар болады. Тек таңдаудан жаңылыспау керек.

**алу – қылмыс**

**практикалық сабақ қанша сағатқа жоспарланған?**

– Иә, көлік жүргізуді үйретуде кілтпап мен кемшілік жібермес үшін тырысып келеміз. Нәтиже жақсы, оқушылар да осал емес. Сынақтан сүрінбей өтіп, куәлікке ие болып жүр. Осылай жағымды жаңалығын жеткізгенде біз де қуанамыз. Практика барысында автомат пен механиканы меңгеруге мүмкіндік бар. Оқу үдерісінде автодром схемасы арқылы сабақ өткіземіз. Бұдан бөлек теориялық білім де беріледі. Негізі сабақтар оқу



Заң өкілдері де жол ережесіне мұқият қарағаны абзал. Оқыс оқиға орын алғанда ғана көлік толық тексеріледі. Ал қадағалау күнделікті жүргізілсе, апаттың алдын алуға болатын тәрізді. Кейде жүргізуші куәлігінсіз көлік айдайтындар жоқ емес. Оның үстіне жас жеткіншек те албырттықпен сан соғып қалады. Мәселен, «18-ге толып, куәлік алдым» деп жылдамдықты асыру қате ой. Бұл – жол ережесін бұзу, жеке басы мен қоғамға залал келтіру. Рас, көз көрген жердің бәрінде камера орнатылған. Дегенмен жол-көлік апаты азаяр емес. Сол себепті мәселені мұқият зерделеп, жүргізушілер де жауапкершілікті сезінгені дұрыс.

**– Автомектепте оқымай, жүргізуші куәлігін алу дұрыс па?**

– Оқымай, куәлік сатып алу дегенге қарсымын. Көлік айдауды бүге-шүгесіне дейін меңгеріп, ережені ескеру керек. Сонда қоғам қауіпсіздігі

Жалпы көлік жүргізудің де әдеби мен мәдениеті бар. Тіпті жолда өзге жүргізушілерге де құрмет көрсету соның айғағы. Мәселен, МАИ қызметкерлерінің алдында кінәлі болмас үшін белбеуді таққандай кейіп танытады. Бұл ережеге қырын қарауды көрсетеді. Әйтпесе қауіпсіздік жеке бастың сақтығы үшін қажет емес пе? Жол апаты кезінде ауыр жарақат алуға да осы себеп. Бастысы автономектепте оқу қорқынышты сейілтп, дағдыны қаперде ұстауға даярлайды.

**– Сіздер көрсеткен бағыт бойынша біразы куәлік алған. Бұл – жоғары көрсеткіш. Жалпы, теориялық және**

алаңында өтеді. Содан кейін автомобильдің минималды ағынымен екінші реттік жолдарға бағыт беріледі. Кейін курсант емін-еркін қимыл-қозғалысқа бейімделгенде қозғалысы көп жолдарға сілтейміз. Практикалық кезеңде кәсіби нұсқаушымен байланысып, бағдар алады. Бұл әлдебір нюанстарды біліп, икемделуге көмектеседі.

Әр курсантқа 1 және 1,5 сағат арнаймыз. Ал қазір кешкі 17:00-ге дейін жұмыс істейміз. Өйткені қыс мезгілі болғандықтан жол көктайғақ және қараңғы. Дегенмен бұл білім сапасына әсер етпейтіні анық.

**– Мектеп бағдарламасына көлікті басқару, жол қауіпсіздігі сабағын қосуды құптайсыз ба? Мұның қоғамға қаншалықты қажеті бар?**

– Әрине, мұндай бастаманы қолдауға болады. Бастауыш сыныпта балаларға жолда жүру ережесі, бағдаршам

жайында ақпараттар беріледі. Бұл баланың көлік алдынан ретсіз шықпай, кеше бойында қауіпсіздікті сақтауына негіз. Олар саналы түрде бағдаршамға қарап, тәртіпті сақтайды. Сондықтан жоғары сыныпта да көлік басқару пәнін енгізсе нұр үстіне нұр. Есесіне теориялық білімі артып, ерте бастан белгі мен ережені санасына сіңіреді.

Барынша көлік жүргізу мәдениетін қалыптастырған дұрыс. Заңда да қауіпсіздік жөнінде айтылғанмен, ереже бұзатындар табылып жатыр. Иә, статистикалық деректер бойынша жол-көлік оқиғалары төмендеген. Дегенмен күре жолда болатын апатты естен шығармаған жөн. Жақында Алматы қаласында болған апат та көпті ойландырғаны рас. Демек, сақтыққа салғырт қарауға болмайды. Ол үшін көлік жүргізуде сауатты болу қажет.

Өңгімелескен  
**Замира ҚОНЫСЖАН**

**– Қазір көбі көлік жүргізуге әуес. Кәмелет жасқа толғандар да бірден куәлік алуға ұмтылады. Айтыңызшы, автономектепті оқуға қай жас аралығындағы адамдар көп келеді?**

– Расымен де жүргізуші куәлігін алуға құлшынып жүргендер жетерлік. Негізі оқу барысында онлайн, офлайн және жеделдетілген курс қарастырылған. Автомектепті 16 жастан бастап оқуға мүмкіндік бар. Кейін 18-ге толған соң ХҚКО-ға барып, тест тапсырады. Осылайша жүргізуші куәлігін алуға хақылы.

Автомектепте оқуға бір

**Куәлікті сатып**

**TAXI: РӨЛДЕ – ГҮЛДАНА**

Жаңа жыл қарсаңында такси қызметін пайдаланушылар көп. Зерделесек, сұраныста «Жұлдыз» такси екен. Сенімді, көлік іші таза. Ең бастысы, жүргізуші жұмысқа қабылданбай тұрып, толық тексеруден өтіп, құжат тапсырады. Олардың ішінде нәзікжандылар да бар. Соның бірі – Гүлдана Ысқақова. Ол бұл салада 8 жылдан бері жүр. Біз 31 желтоқсан күні түңгі сағат 12-ні отбасымызбен қарсы алсақ, Гүлдана жұмыста қарсы алуды жоспарлап отыр.

– Бастапқы кезде жұмыста қиындық болды. Жұмыс уақытына үйренісе алмадым. Таңғы 6-дан бастап жұмысқа кірісіп кету оңайға соқпады. Кешке кеш қайтасың. Бірақ бұған үйреніп кеттім. Курьер де боламын. Маған мінген кісілердің барлығында таңырқау бар. «Сізге такси жүргізушісі болған қорқынышты емес пе?» дейді. Шынымды айтсам, «Жұлдыз» такси қауіпсіз. Сенің қай жерде жүргенің, кімді жеткізіп салуға кеткенің барлығы картада көрініп тұрады. Белгіленген уақытта жеткізе алмасаң, «қандай қиындық болып тұр?» деп хабарласады. Жұмыста жүргеніме 8 жыл болған соң да біраз тәжірибе жинақтадым,

– дейді кейіпкеріміз.

Гүлдананың айтуынша, осы жұмыс арқылы баспаналы болған. Жеке көлігі бар. – Қазір ата-аналар баласын таксиге салып жібереді. Өздері асықпай шаруаларына кете береді. Менің тұрақты тұтынушыларым бар. Көбісі ата-аналар. «Қыз баласы болған соң, саған сенеміз» дейді. Азанда мектепке, кешке үйіне апарамын, – дейді ол.

Жаңа жылды отбасымен қарсы алуға асық адамдар көп. Кейбірі амалсыз жұмысқа кетеді. Ал кейіпкеріміз жаңа жыл күні өзі қызығушылық танытып, жұмыс істейді.

– Адамдардың бақытты жүзін көретін уақыт бұл. Сол күні жадырап, жайнап жүргендерді көп кездестіремін. Үлкендердің батасын аламын. Маған

мерекеде үйде отырған емес, жұмыс істеген ұнайды. Басқа күндері азаннан-кешке дейін такси болсам, мейрам күні арнайы шығамын, – дейді ол.

Такси қызметінің жауапкершілігі зор. Алдымен көліктің іші таза болу керек. Содан кейін жүргізушінің сөйлеу мәнеріне мән беріледі. Көлікті айдап, межелі жеріне дейін жеткізу үлкен міндет.

– Қазір неше түрлі адам бар. Соған қарап көбінің жүйкесі жұқарған ба дейсің. «Неге кеш келдің? дейді бірі, екіншісі «асықпай жүрсеңші» деп талап қояды. Кей тұтынушылар барам дегенше әңгімелесіп, көңілді отырғаныңды бағалайды. Табиғатымнан ашық адам болған соң, кез келген клиенттің көңілін аулауға тырысамын. Онымен сөйлесіп, ортақ пікір алмасамын. Байқағаным, көбі «неге басқа жұмыс істемейсің? деп сұрайды. Маған өз жұмысым, өз ортам ұнайды. Азаннан кешке дейінгі уақытта 10-20 шақты тұтынушыны жеткізіп, сонша адаммен дидарласамын. Кейде олардың мәселесін тыңдауға тура келеді (күліп), – дейді Гүлдана.

Жұмыс адам таңдамайды, адам жұмысты таңдайды. Жасыратыны жоқ, бір жерге жұмыс істеу үшін ойланып шешім қабылдауға асықпай жүреміз. Ал жұмысқа шын беріліп, ынтасымен кіріскен адам кез келген жетістікке жетіп, жақсы нәтиже көрсетеді.

– Терезеге қарап, жолда жүргенді жақсы көремін. Қазір әр түрлі такси қосымшалары бар. Ал «Жұлдыз» қызметінің қауіпсіздігі ата-анам үшін жақсы. Олардың қорқынышын сәл де болса сейілтпеді. Көлікпен бір қаладан,



екінші қалаға бара беремін. Жолда, таза ауада жүрген демалуға, ойлануға жақсы. Жол ережесін бұзбаймын, тәртіпті сақтаймын. Жұмысқа шығар уақытта міндетті түрде ұйқымды қандырып аламын. Көлік сынса, жай таппаймын. Барлық диагностикасын жасап, себебін анықтауға тырысамын. Қауіпсіздік маңызды, – дейді кейіпкеріміз.

Әйелдің көлік тізгіндегеніне қоғам көзқарасы әртүрлі. Десе де маңыздысы, жол ережесі мен қауіпсіздік шарасын қатаң сақтау болса керек. Бүгінгі кейіпкеріміз бұл орайда бекітілген ережені бұзбай, жолаушы амандығын алдыңғы орынға қояды. Жол-көлік оқиғасынан аулақ болу үшін жылдамдықты шектен асырмай, белгілерге мән беруді қаперге алған. Сондықтан жолаушылар алғысын білдіріп, жайлы сапарды сезінбек.

**Мөлдір САБЫРЖАН**



Жалғасы. Басы 1 бетте

# Кәсіптің көзін тапсаңыз, ақшаға толар қалтаңыз...

Кәсіп ашу үшін өзің суретін ортаның мұқтаждығын зерттеу керек емес пе? Облыс орталығындағы кәсіпкерлердің ауыл халқына сенімсіздігін көрген елдегі жұртшылық та бұл істі ойға алды. Бәлкім, нарық қысқанынан ба, адамдар бір емес, бірнеше жұмысты қатар алып жүруге үйренген. Бұрын-соңды мұндай дағды тек мегаполистерде ғана болатын, қазір қарапайым ауылда өзінің тұрақты жұмысына қосып, кәсіп тауып жатқандар жетерлік. Солардың бірі – Қаракөз. Ол Жалағаш ауданына қарасты ауыл мектептерінің бірінде мұғалім болып жұмыс істейді.

«Мектепте жұмыс істеген соң, киімді жалға алу кезінде көп қиындық туатынын көреміз. Арнайы көлік іздейміз, бір күнге емес, бірнеше күнге алу керек болады. Одан қалды ауылдықтарға бермейтіні тағы бар. Ойлана келе отбасылық бюджеттен қомақты қаражат алдым да, қажетті деген киімдерді сатып алдым. Қазіргі таңда ұжымдағылар арасында сұранысқа ие. Қосымша тәп-тәуір табыс. Сіз оны айтасыз, тіпті балабақша меңгерушісі де осылай кәсіпті жолға қойған. Бөрінің де хақысы бар, бір жұмыспен отыра беру керек деген еш жерде жазылмаған. Сондықтан заң бұзып жатқан жоқпыз, халықтың қалтасын көтеретін баға қойдық. Барлық киімдер 2 мың теңгеден жалға беріледі. Әрине, бір күнге ғана», – дейді жалағаштық мұғалім-кәсіпкер.

Иә, баға туралы қазір бір нәрсе айта қою қиын. Өйткені нарықтың жүгенін

еркіне жібергелі қашан? Айпақшы, қазір көптеген оқу орындарында «Аяз ата шеруі» дәстүрге айналған. Қала көшелерінде бір топ кішкентай Аяз ата көрсеніз, уайымдап қалмаңыз. Ол – Аяз ата мен Ақшақардың балалары. Сол себепті, қазір өтімді киімдер қатарында Аяз ата мен Ақшақар киімі алдыңғы орында тұр. Ал он екі жылдың иесінің киімдері де халыққа қызмет етуде.

«Мектептен мұғалімдер тарапынан нақты мына киімді ки деп тапсырма берілмеген жағдайда біз өзімізге ұнағанын алып жатырмыз. Ауылдарда онша таңдау болмаған соң қалаға келдік. Мұнда ауылға берілмейді екен. Бірақ осы қаладағы сіңіліме алдырып, артынан ауылға арқаланып барып келеміз. Ауыл таяқ тастам жерде. Бұл кісілердің де қорқынышы орынды. Қып-қызыл ақша тұратын қымбат зат, тасымалдап жүргенде бүлініп, жыртылып қалып жатса, ол да мәселе ғой дейді», – Сырдария ауданының тұрғыны Гүлмира Жақсылыққызы.

Әйтсе де, білім ошағы тарапынан берілген «тапсырмаға» сай киім ала алмай отырған отбасылар да жоқ емес. Мәселен, Бақытгүл – көпбалалы ана. Отағасы жұмыссыз. Мамандығы болмаған соң, әр жерде жалдамалы жұмыс істейді. Кейде жолаушылар тасымалдап такси қызметін ұсынады. Бақытгүл баламен үйде отыр. Ол мектеп жасындағы 5 бірдей баласына

жаңажылдық киімді қайдан алсын? «Мен «жоқ» деп отыра алмаймын. Қолымды кеудеме қойып, шүкір деймін. Сондықтан жоқтан бар құрау үшін еңбектенеміз. Өзімнің тігін тігетінім бар. Балаларымның біріне қоян, енді біріне барыс, тағы біріне түлкі киімін тігіп бердім. Әрине, дүкендікіндей болмас. Бірақ кәдімгідей ұқсайды. Бірнеше жыл болды балалар сол киіммен жаңа жылды қарсы алып жүр. Мөлшерін кеңдеу етіп піштім, сыймай қалатын жағдай жоқ. Бұл киімді жалға алу мәселесінде мен қиналып отырғаным жоқ, қайта жұрт менен жалға алсын. Азық-түлігімді айырайын», – дейді көпбалалы ана.

Иә, барлығы да қызу тірліктің басында олжалы болғысы келеді. Қанжығасы қашанда майланып жүретін жұмыртқадан жүн қырқатын «талантты болу» – бөрінің маңдайына жазылған іс емес. «Икемі келген инеден де нәпақа айырады» деген бар.

**Тілші түйіні:** Орталық көшеден өтіп барамын. Аяз ата мен Ақшақар қол ұстасып кетіп барады. «Сіздермен суретке түсуге бола ма?» деп едім, «Екеуімізбен суретке түсу 500 теңге» деді. Ақысын төледім де, естелік суретке түсіп алдым. Бәлкім, «Есектің артын жу да мал тап» деген осы шығар... Кәсіптің кілті – сұраныста. Ал сұраныс бар жерде кәсіп дами түсері анық. Бір түсінгенім, жаңажылдық киімдерді жалға берушілердің көбеюі сұраныстың молдығынан екен.

**Аян СПАНДИЯР**



# АЛАМЕСЕКТЕГЕ АМБУЛАТОРИЯ АШЫЛАДЫ


Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Жалағаш ауданына жұмыс сапарымен барып, Аламесек ауылдық округіндегі дәрігерлік амбулаторияның ашылу рәсіміне қатысты. Кейінгі күндері аймақтың ауылдарында бой көтерген медициналық нысандар қызметін бастауда. Жаңа нысанның ашылуы жұртшылықтың мерекелік көңіл-күйімен астасып, ауылдағы ағайынның қуанышы еселенді.

Бүгінгі рәсімде тұрғындарды Жаңа жыл мерекесімен және жаңа нысанның ашылуымен құттықтаған аймақ басшысы халық денсаулығын нығайтудағы жаңашылдықтарға, бастамаларға тоқталды.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Ауылдық жердегі денсаулық сақтауды жаңғырту» жобасының әлеуметтік мәні зор. Біз ауыл тұрғындарын 100 пайызын сапалы алғашқы медициналық көмекпен қамтамасыз ету туралы айтып отырмыз. Бұл – мемлекет ретінде біздің міндетіміз» деп ұлттық жобаның маңызын атап өткен болатын.

Қазір медициналық қызметтің қолжетімділігін, денсаулық сақтау инфрақұрылымын одан әрі жаңғырту арқылы саладағы реформалар алға жылжып келеді. Ел Президентінің бастамасымен қолға алынған «Ауылдық жердегі денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында елді мекендерде 27 нысан салынууда. Оның ішінде 15 дәрігерлік амбулатория құрылысы аяқталып, ел игілігіне берілуде. Бүгінге дейін 6 дәрігерлік амбулаторияны аштық. Ауылдардағы жаңа ғимараттар ел саулығын жақсартуға қызмет етсін», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Рәсімде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Ұлттық



құрылтай мүшесі Қылышбай Бисенов жерлестерін құттықтап, Аламесек ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Әбдіқайыр Әйтұмов бата берді. Сондай-ақ мердігер мекеме өкілдері мен ауыл азаматтарына марапат тапсырылды.

Айта кетейік, Аламесек ауылдық округінен ашылған жаңа амбулаторияның лабораториялық құрал-жабдықтарымен көршілес



Жаңадария және Еңбек ауылы тұрғындарына да медициналық қызмет көрсетіледі. Құрылысты салған «Асар» ЖШС ғимараттың келушілерге жайлы болуына баса мән берген. Онда тіркеу орны, қабылдау, дәріхана, оқшаулау, физиотерапиялық емдеу, егу бөлмелері, лаборатория, архив, күндізгі емдеу стационары, жалпы тәжірибелік дәрігердің кабинеті бар. Мүмкіндігі шектеулі жандар үшін қолайлы жағдай жасалған.

Биыл облыс бюджеті 57 пайызға өсіп, 609 млрд теңгеге жетті. Қаржының басым бөлігі әлеуметтік салаға бағытталды. Оның ішінде медицина саласына 138 млрд 600 млн теңгеден астам қаржы бөлінді. Қызылорда қаласында 36 млрд 400 млн теңгеге бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы және онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухананың құрылысы басталды. Құны 2 млрд 900 млн теңгені құрайтын Қан орталығы жақын күндері пайдалануға беріледі. Оған қоса 9 медициналық нысанға күрделі жөндеу жүргізіліп, 5 нысанның жылу жүйесі газға ауыстырылуда. Жыл соңына дейін көпбейінді



облыстық аурухана жанынан 70 төсектік перинаталдық орталық, қалаға қарасты Досан елді мекенінде медициналық бекет, Жаңақорғандағы көпбейінді аудандық аурухана базасында балаларға арналған «Қамқорлық» оңалту орталығы ашылмақ.

## БАЛАЛАРДЫ ҚУАНТҚАН ЖАҢА ЖЫЛ КЕШІ



Оқушылар сарайында балаларға арналған «Жаңа жыл – жаңа қадам, жаңа бақыт» атты мерекелік шара өтті. Салтанатты шараға қала әкімі Асылбек Шөменов қатысып, балаларды жаңа жылмен құттықтады.

– Бүлдіршіндер, шаһарымыздың өздеріңдей білімді де талапты жастары әлемнің ең озық оқу орындарында білім алуға, спорт саласында биік белестерді бағындырып чемпион атануда, басқа да үлкен жетістіктерге қол жеткізіп, Сыр елінің абыройын көтеруде. Сол аға-әпкелеріңнен үлгі алып, зерделі де зерек, білімді де білікті болыңдар. Жаңа жыл өздеріңе де, сендерді мәселелік өсіріп отырған ата-аналарыңа да тек жақсылық әкелсін, – деді қала әкімі. Жаңа жылдық мерекесі оқушылар сарайының өнерпаздарының әзірлеген қойылымынан басталып, жұмбаққа толы ертегілер мекеніне айналды. Осылайша балалардың көңілін көтеріп ғана қоймай, жаңа жылдың басты қонағы Аяз ата мен Ақшақарды шақырды. Жанары қуанышқа толы бүлдіршіндер өнерін көрсетіп, сыйлық алды. Сонымен қатар қала әкімі балаларға арнайы әзірлеген сыйлықтарды табыс етіп, жаңа жылдық торты үлестірді. Ал бүлдіршіндер мерекелік дастарқаннан дәм татты.

## АУЫЛҒА ГАЗ КЕЛДІ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласына қарасты Қосшыңырау ауылдық округіне газ қосу рәсіміне қатысты. Жыл қорытындыланатын кезде көл-кесір қуанышқа кенелген тұрғындарды құттықтап, өңір инфрақұрылымын өркендетуде табысты іске асқан жобаларды айтты.

«Облыстың газдандырылған елді мекендерінің аумағы ұлғайып келеді. Қазір барлық аудан орталығы мен 4 қала (Арал, Қызылорда, Байқоңыр, Қазалы), 24 елді мекен табиғи газ пайдаланады. Биыл 12 ауылдық елді мекенге газ келді. Күні кеше Шиели және Жаңақорған аудандарындағы 5 елді мекенге қосылды. Бұған Қызылорда қаласының Ақсуат ауылдық округі газдандырылды. Ал, бүгіннен бастап Қосшыңырау ауылдық округінің тұрғындары «көгілдір отынның» игілігін көрмек. Келер жылға қаралған 4 млрд теңгеге тағы 12 елді мекенді газбен қамтамасыз етеміз. 2024 жылдың соңында газдандыру деңгейі 78 пайызға жетеді. «Көгілдір отынның» келуімен ауыл тұрғындарының тұрмыс-тіршілігіндегі кейбір қиындықтар артта қалады деп сенемін», – деді аймақ басшысы.

Ауыл тұрғындарын облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев пен Қосшыңырау ауылдық округінің ардагері Әлихан Смайлов құттықтады. Айта кетейік, ауылдық округті газдандыруға республикалық және жергілікті бюджеттен 662,7 млн теңге бөлінді, мердігер мекеме – «РемСтрой» ЖШС.

## ЖЕМҚОРЛЫҚ – ДАМУҒА ТЕЖЕУ



«Арам суда қамыс болмайды, арам адамда намыс болмайды». Бұл тәмісідің жемқорлыққа қатысы неде? Адам, біріншіден, табиғат туындысы. Ол – мүддесін, мақсатын қанағаттандыру үшін, жақындарын қорғау үшін шектен тыс әрекеттерге баратын жаратылыс. Бірақ адамның жануардан айырмашылығы – саналылығы. Адам эволюцияда әр кезеңде әртүрлі салада, ол философия болсын, техника болсын, мәдениет, дәстүр болсын прогресс жасап келеді.

Елді басқаратын адам құзыреттілікті өз қолына алатын тұлға және оны дұрыс немесе бұрыс пайдалану сәйкесінше соның қолында. Оның үстіне қазір постиндустриялы заман болған соң, бәсекелестік арқасын адам әртүрлі әрекеттерге барады, оның үстіне лайықты өмір сүргісі келеді. Пара беретін – адам, пара алатын – адам. Жемқорлықтың құрылымы осы болған соң проблеманы шешуді, біріншіден, адамнан бастау керек сияқты. Жемқорлықты адамға дәрі беріп немесе медициналық процедура арқылы жоя алмайсың. Заң қабылдау жеткіліксіз, адамды бала кезінен бастап тәрбиелеу маңызды. Қазір мұндай шараларға жіті көңіл бөлініп жатыр. Бірақ жеткіліксіз. Еліңнің алға шығуын қаласаң, өзіңді өзгертуден баста. Себебі бұл елдің құраушысы, азаматы, қызмет жасаушысы өзің, басқа кім?

**Ақзия ШЕРАЛИЕВА**





«ХАРАДЗЮКУ КӨШЕСІ»

Қараңғы парк сан істің көрген көкесін,  
Санамды қарып барады ой.  
Осында келген жандар бейілі өте сұм,  
Жиылған мұнда данағөй.  
(Әлбетте бұл көкесін)

Тағдырын салған талан-тарахқа,  
Болашағына мән бермей.  
Бойжеткен сонда аппақ төні азған,  
Мағынасы жоқ әндердей.

Біреудің қолда өмір дәптері,  
Ажал дәптері біреудің.  
Қараңғыланса көңіл сәттері,  
Козльо сынды түнердім.

Өмірден қалап қошемет тегі,  
Іздедім, бірақ таппадым.  
Ешқандай тылсым әсер етпеді,  
Әңгімесіндей Кафканың.

Кеудемде молам, басымда сорым,  
Қабірім әні қазылған.  
Жырларым жатыр қасыңда сенің,  
Өзгеге арналып жазылған.

Бақытсыздық боп қала береді,  
Құлағымдағы көмескі үн.  
Жүрек әуенін сала береді,  
Шопеннің әні емес бұл.

Тот басып неге қалады шылғи,  
Қаперімдегі қаншама ой.  
Мийымды тесіп барады бұл күй,  
Ойымды кесіп дәл солай.  
Төзім таусылды сарқылды, кейде  
сағынат шығар біреуді.  
Қиялымдағы тартымды бейне,  
Джокондадан да ренді...

Құбыла жақтан самал еседі,  
Қосылып менің үніме.  
Харадзюку мен ана көшені,  
Кезіп кетемін күніге.

КҮН ЖОҚТА  
ӨЗІҢ ЖАРҚЫРА

Күн жоқта өзің жарқыра,  
Жазу үшін жазбайтынымыздай,  
Сүю үшін сүймейтініміздей,  
Оятқыш үшін  
тұрмайтынымыздай таңғы  
алтыда.  
Күн жоқта өзің жарқыра  
Көздерімнен жаңа жыр оқып,  
Құшағыңды аспаныңмен бір  
етіп,  
Сосын, күнделіңге жазған  
жүрегіңнің антына.  
Жер бетілік көлеңкелерге  
Құдай боп,  
Жер астылық адамдарсыз ауа  
жұтпас сыңайлы ек...  
Десе де аспан, қарай көрме артыңа.  
Өзің ғана жарқырап.  
Айтарсың ғаламшарларға мың  
сәлем, аспаным –  
Жарқыра күннің орнына,  
жарығым,  
Жаттап алсыншы шамдардан  
жалыққан әлем.

SPRING

Ештеңе күтпей ешкімнен,  
Еріген қарға еңкейіп қайта жыр оқып.  
Тұсауым Құдай кестірген,  
Жердегі жүрген ізімнің бәрін гүл етіп...

Өтіп кетейін Көктемге.

Күнәсін сүйіп адамның  
Дұғасын сүйіп...  
Құштарлығымды көп  
қылып!  
Кір жайғышына  
анамның  
Салқыны ұрған  
көңілді мынау  
келтіріп,  
Өтіп кетейін  
көктемге.  
Сезімді қояр басына,  
Тізімі мынау  
армандарымның түсі аппақ.  
Көлеңкемді ертіп қасыма,  
Ерлан Жүнісім,  
Оралханымды құшақтап...  
Өтіп кетейін көктемге.  
Уақыт?




Дина БӨКЕБАЙ

Тілші болу үшін тек қана диплом жеткіліксіз. Теориялық білімнен тыс, практикалық тұрғыда төселу қажет. Менің журналистикаға деген махаббатымның ашылуы мектепте оқып жүрген сәтімнен бастау алды. Содан бастап қоғамдық істерге жақын, өзге пәндерге қарағанда әдебиетке құмар болдым. Тоғызыншы сыныпты бітіріп, ҰБТ тапсыратын тұста ойланбастан шығармашылық емтихан тапсырдым, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Журналистика және репортер ісі» мамандығына тапсыруға бел будым. Ең алғашында отбасым қарсы болды.

Қоғамдағы БАҚ өкілдеріне деген кері таптаурын көзқарас көп қой. Сол себепті анам мұғалімдікті таңдағанымды қалады. Бірақ бала кезгі арманыман бас тартпадым. Қалай да болсын «келешекте белгілі журналист боламын» деген арманыма балта шапқым келмеді. Анам да уақыт өте рұқсатын берді. Бүгінде Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде оқимын. Аягөз Әбдіразақова, Асыл Оразова сынды өз ісінің мамандарының тағылымын алып, журналистиканың ішінде телерадио саласына ден қойып, машықтанып жатырмын.

Абыройы асқақ, елге белгілі тұлғаны кумир етіп, еліктейтін кезеңнен қайсысымыз да өтеміз. Менің бала күнгі кумирім – Ләйла Сұлтанқызы еді. Сол кездері «Әйел бақыты» тележобасы арқылы қоғамда белең алған әйелдер қауымының түйткілді мәселелерін зерттеп, нәзікжандылардың


бойындағы комплекстен арылуына себепкер болды. Сонысымен ол журналисттің эталоны, ақпарат саласының үздігі көрінді. Қазір де бұл ойымнан айнымадым. Бұрынғыдай «Әйел бақытын» жүргізбегенмен, әйелдер құқығын қорғаудан тайынған емес. Тұрмыстағы әйелдерге бос уақытында немен айналысуға болатынын үйретіп, жаңа бастамалардың негізін қалап жүр. Мен де сол кісі секілді имидждімі қалыптастырып, медиамагнат атанғым келеді. Уақыт өте келе көңілім Дина Төлепбергенге де ауды. Оның тек жүргізушілік қабілеті ғана емес, продюсерлік, яғни ұйымдастырушылық қабілеті керемет. Режиссураны игергені көрініп тұр. Ол қалай тақырып арқылы қоғамда резонанс




«АРМАНЫМА БАЛТА ШАППАДЫМ?»

тудырып, кликбейт жасау керегін жақсы біледі. Өзі жүргізген «Астарлы ақиқат» бағдарламасы «КТК» арнасының рейтингін біраз көтерді.

Журналистиканы жақсы көруімнің себебі ұшан теңіз. Сала маған ойымда жүрген дүниені айтуға, жазуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, шығармашылық қабілетімнің шыңдалуына, сөздік қорымның молаюына септігін тигізді. Ең бастысы, сан саланы жетік меңгеріп, қандай адаммен болсын сөз жарастыруыма, коммуникациялық тұрғыда ілгерілеуіме ықпал етеді. Бұйырса, дипломымды алып, телевизиядан ойып тұрып орын алсам деймін. Телевизиядан бөлек, газет-журналдарға да мақала беріп, веб-журналистиканың да дамуына үлес қосып жоспарымда бар.



Фариза ТӨРЕХАНОВА



**SMM маманы немесе копирайтер.** Бүгінде қай компанияның, мекеменің әртүрлі әлеуметтік желіде парақшасы бар. Ол арқылы имидж қалыптастырып, тұтынушы тарту үрдіске енді. Кез келген кәсіпорын контент жасап, өзіндік бренд қалыптастырудан хабары мол жастардың қызметіне зәру. Әсіресе журналистика мамандығында оқып жүрсеңіз, саланы жаңа қырынан меңгеріп, дауыс мәнеріңізді қойып, жазу қабілетін қалыптастыруға таптырмас мүмкіндік.

**Курьер.** Соңғы уақыттары, әсіресе пандемия сәтінде тамақты немесе қандай да бір керекті затты үйде отырып-ақ тапсырыс беру арқылы тұтынушылар көбейіп, курьерге де сұраныс артты. Курьер болу үшін автокөліктің болуы міндетті емес. Діттеген жерге кез келген транспортпен, тіпті жаяу жүтуге де болады. Сондай-ақ бұл мамандықта нақты кесте жоқ, барлығы өз еркіңізде. Сабақтан кейін немесе сабаққа дейін жұмыс істеп, қомақты қаражат табуға болады.

Студент бола жүріп те, табыс табудың жолы көп. Жоғарыда атап өткен салалар солардың тек шағын ғана бөлігі. Албырт шақта тәжірибе жинаған орынды. Мамандығыңыз бойынша жұмыс істесеңіз тіпті жақсы, себебі шыңдалуға мүмкіндік көп. Дегенмен ізденістен ажырамай, оқу ошағында лайықты білім алуды естен шығармау керек.

Студенттік шақ – балалықты артқа тастап, ата-анадан жырақта, жаңа ортада шыңдалып, кәсіби маман атануға икемделетін уақыт. Студент бола жүріп, қаржылық тұрғыда қиналмай, ата-анаға салмақ салмау үшін жұмыс істейтін жастардың қарасы көп. Ақылы түрде оқытын студенттерге өзін-өзі асырау тіпті қиын. Түрлі таптаурын жайттар кей студенттердің ойын өзгертіп, жастайынан нәпақа табуына кедергі келтіруі мүмкін. Егер сіз де жоғары оқу орнында оқып, қаржылық тәуелсіздікті қаласаңыз, шегінудің реті жоқ. Себебі мүмкіндік мол.

**Мобилография саласы.** Қазіргі таңда бұл мамандық иесіне сұраныс жоғары. Смартфон, кәдімгі камераның күшімен шамаласқалы бері сапалы видео түсіріп, монтаждаушылардың қатары артқан. Сәйкесінше бұл саламен шұғылданушылардың да еңбегі жоғары бағаланатын болды. Егер біраз уақыт мобилографияда шыңдалып, видео түсірудің қыр-сырын жетік меңгерсеңіз, ірі компаниялар мен белгілі тұлғалардың өзі сіздің көмегіңізге жүгінуі әбден мүмкін. Тіпті, мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзінің жеке мобилографы бар. Егер режиссура мен операторлық қабілет креативпен ұштасса, сапалы дүние жасап, қыруар қаражат табуға мүмкіндік бар.

Айсұлу ҚОСЖАНОВА

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНА  
ЖАНАШЫЛДЫҚ КЕРЕК

Білім беру жүйесі қоғаммен бірге дамып, үнемі өзгеріп отырады. Ол әр ұлттың өзіндік ерекшеліктеріне қарай қалыптасып, уақыт өткен сайын күрделенеді. Қай кезде де жалпы білімнің атқаратын қызметі – жас ұрпақтың танымдық дүниесін байытып, дамуын қамтамасыз ету. Заман өзгерістеріне қарай мектептерге қойылатын талап та, ондағы оқыту және тәрбиелеу әдіс-тәсілдері де өзгереді. Сондықтан география саласына қызығатын жастың қатарын көбейту ісінде де тың бастама керек-ақ.

Оқыту барысында ойындар арқашан оқу материалдарымен байланыста болады әрі оқушыларды қызықтыратын жағдай туғызады. Ол оқушыларға оқу мәліметтерінің белгілі мөлшерін тез әрі жеңіл қабылдауына көмектеседі. Географияны оқыту әдістемесінде мақсатқа жеңіл жетудің көптеген тәсілдері бар.

Ең көп тарағаны – ойын сабақ. Ойынды тиімді тәсіл ретінде қолдану тарихы тереңге кеткен. Адам баласы қоршаған орта туралы шындықты белсенді іс-әрекеттің нәтижесінде танып біледі. Ол іс-әрекеттер не ортасында, болмаса ойын сабақтың басында қолдануға болады. Егер мұғалім ойында сабақтың басында оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттырса, онда оқушылардың ойын бір жерге жинақтау, жаңа сабаққа немесе

сұралатын үй тапсырмасына оқушыларды түгел қатыстыру, белсенділік қабілетін арттыру, Егер ойын сабақ ортасында оқушылардың болса, онда шалдығуына жол бермеу, көңіл-күйін көтеруге мүмкіндік туады. География пәнін оқытуда баланың танымдық қызығушылығын назарға алу, яғни белсенділігін назарға алу, яғни оқушының оқуға, білуге деген ынта-ықыласын, құштарлығын қалыптастыру маңызды. Мысалы, мұғалімнің баяндаған материалын қалыптастыру оқушының зейінін қойып тыңдауы, алған білімін кеңейту үшін өзінің білімін оқуы керек. Өйткені айтылған мәлімет қайталауға, дағдыларға үйренуді талап етеді. Яғни, оқушының белсенділігі оқу атқарады.

Сәуле БЕТУҒАНОВА,  
Т.Рүсқұлов атындағы  
№222 орта мектептің  
география пәнінің  
мұғалімі

ЕСЕП ЕСКЕ КӨМЕК

Оқушылардың ойлау қабілетін дамыту үшін олардың өзіндік күш-қуаты мен сенімін арттырып, берген нәтижені көп істердің мүмкіндіктеріне бағыт ақыл-ойын, логикалық жаттығуды, орындау бағанын мектеп курсының негізгі пәндерімен біріктіріп, техникалық прогреске байланысты дамытады. Математика адамның барлық өміріне енеді. Егер бұрын ерекше дарынды балаларды іріктеу туралы сөз қозғалса, онда кең математика салдарынан мектепте қабілеттері диагностикалау қажеттілігі пайда болды.

Байқасақ, математика қоршаған ортаны танып-білуге, сындылықтарын анықтауға мүмкіндік береді. Табиғи құбылыстардың сипатын математика тілі арқылы моделін құрып, болашақтағы құбылыстың күйін болжай аламыз. Есептердің көмегімен қалап қоймай, жан бітіп, іске асуын кез келген жағдайда жетілдіре білеміз. Математика біздің өміріміздің ажырамас бөлігі болып қала бермек. Құрылыс пен сәулет өнері тіпті біз жүрер жатқан әуеліміз үйлерді жасауға және нормативтік құжаттарды әзірлеу үшін қажет. Құрылыс саласының өзіне тән ерекхесі, тәртібі болмайды. Құрылыс саласының өзіне тән ерекхесі, тәртібі адамды бір нысанға қолдануға болады. Соған сәйкес әрбір адамды орындауға қажеттіліктері бар. Оның әрқайсысы да өзінше бір мәселені шешуге қажет. Бір нысан мен тәсілді оңы математикалық тәсілмен шешуге болады. Яғни математикада қолдану қажет. Математика есептеулер сәтқа да қолдану қажет. Математика есептеулер жүргізуге болады. Математикада қолдану қажет. Математика есептеулер жүргізуге болады. Математикада қолдану қажет. Математика есептеулер жүргізуге болады.

Халида ТӨЛЕЙІТОВА,  
Төреғам кенті, Жанқожа  
Батыр атындағы №269 орта  
мектептің математика  
пәнінің мұғалімі



**Биыл аймақ спорттыңда айтарлықтай жетістік мол болғаны анық. Спорт нысандарының бой көтеруі, республикалық жарыстардың өтуі облыс әлеуетінен хабар бергені анық. Әсіресе, сырбайлықтардың түрлі долада қол жеткізген жалынды жеңісі Сыр спортының дәрежесін көтерді. Осы орайда 2023 жылы спортта топ жарған жерлестерге шолу жасайық.**



жеңімпаздар бар еді. Мәлдірдің жеңісі – еліміз үшін тарихи сәт, – деді WKF каратэден халықаралық дәрежедегі төреші, ұлттық құраманың бас бапкері Асқар Молдағали. Айтпақшы, Мажарстанның бас шаһарында өткен Әлем чемпионатында каратэден Қазақстан құрамасы үш медаль жеңіп алды. Атап айтсақ, Мәлдірден бөлек, 60 келіге дейінгі салмақ бойынша Қайсар Алпысбай күміс жүлдені қанжығасына байлады. Ал 67 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде Дидар Әмірәлі әлем чемпионатының қола жүлдесіне қол жеткізді.

**Мәлдір – Әлем чемпионы**

Венгрия астанасы – Будапештегі WKF каратэден Әлем чемпионаты Қазақстан үшін тарихи нәтижемен есте қалды. Байрақты бәсекеде 50 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен жерлесіміз Мәлдір Жаңбырбай ешкімге дес бермей, Әлем чемпионы атанды. Атап айтқанда, Мәлдір – спорттың осы түрінен ересектер арасында бұл атаққа қол жеткізген тұңғыш қазақ.

– Таяуда Қытайдың Ханчжоу қаласында өткен Азия ойындарында күміс жүлдені қанағат тұттым. Алтын медаль үшін айқаста 2018 жылғы Азия ойындарының чемпионы тайпелік Шиан Шуанг Гумен 5:5 есебімен тең түстім. Алайда соңғы нәтижелі әдісті қарсыласым жасағандықтан, жеңіс соған бұйырды. Бірақ сол жеңілістен соң, осы долада ел қоржынына алтын саламын деп өзіме уәде бердім. Жеңіске жету үшін жаттығу залында жанымды салып дайындалдым. Арманым ұзақ күттірген жоқ. Екі айда екі жүлде жеңдім. Дегенмен, осы жеңістің орны бөлек. Ерекше қуандым. Осы жылда маған сенім артқан еліме алғысым шексіз, – деді ол.

Еске салайық, 50 келі салмақта 56 елдің таңдаулы спортшылары күш сынасты. Мәлдір алғашқы кездесулерінде Алжир мен Жапония және Словакия каратэшисін қапы қалдырса, жартылай финалда әлем рейтингінің көшбасшысы венесуэлалық Салазар Йоргелисті айқын басымдықпен тізе бүктіріп (11-3), сенсация жасаған. Ал ақтық сында тәжірибелі италиялық Эрминия Перфоттадан айласын асырды.

– Алғаш рет екі спортшымыз Әлем чемпионатының финалына шығып, бірі Әлем чемпионы атанды. Осыған дейінгі ірі жетістігіміз Дархан Асаділовтің 2008 жылғы күміс медалі еді. Жалпы, ересектер арасында бізден Мәлдірге дейін WKF каратэден Әлем чемпионы шықпаған. Жастар, жасөспірімдер санатында ғана

**Айсамалдың жетістігі**

Мексиканың Гвадалахара қаласында өткен ауыр атлетикадан жасөспірімдер арасындағы Әлем чемпионатында Айсамал Сансызбаева күміс жүлдегер атанды.

Айсамал (87 келіден жоғары) қоссайыс қорытындысы бойынша 250 келіні бағындырды. Жұлқа көтеруде 107, серпуде 143 келіні еңсерді. Нәтижесінде жұлқа көтеруден кіші күміс, серпуде кіші алтынды еншіледі.

Айсамал 2003 жылы Шиелі ауданында дүниеге келген. Қазірге дейін ол жастар және жасөспірімдер арасында Азия және ел біріншілігінде жүлдегерлер қатарынан көрініп жүр. Облыс орталығындағы Жалаңтөс баһадүр атындағы олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжінде білім алған. Бапкерлері – Арман Абдраев, Нұрсұлтан Бахрадин, Мұхаммед Тұрысбеков. Еліміздің жасөспірімдер құрамасы Мексикадағы Әлем чемпионатын 1 алтын,

**2023: СЫР СПОРТЫНДА НЕНДЕЙ ӨЗГЕРІС БОЛДЫ?**

1 күміс медальмен аяқтап отыр. Бұған дейін Едіге Егемберді жеңіс тұғырынан көрінді. Әлемнің 44 елінен 229 қатысушы жиналған жаһандық долада ел намысын бес спортшы қорғады.

**Азия ойындарындағы олжа**

Сырбайлық спортшылардың жеткен жетістігі мен шыққан белесі аз емес. Соның бірі, әлемнің небір мықтыларымен түрлі додаларда бақ сынасып, ел мерейін асырып жүрген дзюдодан Азия ойындарының қола жүлдегері – Нұрлыхан Шархан. Қазақстан және Әлем чемпионаттарында қарсыластарына дес бермей, биік тұғырдан көрініп жүрген спортшы Ханжжоуда 100 келі салмақтағы бәсекеде қола жүлде иеленді.

БАҚ-қа берген сұхбатында спортшы дайындығы туралы айтып, ой-бөліккен болатын. Ол: «Кейінгі бірнеше жыл мен үшін табысты болды. Ел чемпионатында топ жардым. Ал басынан бастап түгендесек, былтыр Азия чемпионатында қола медаль алдым. Тек «Grand Slam» жарыстарында медальға сынық сүйем жетпей қалатын. Бұл жолы Азия ойындарының қоласын иелендік. Оған қоса, дзюдодан спорт шебері нормативін орындадым. Мұның барлығы үздіксіз жаттығу мен бапкерлеріміздің ерен еңбегі арқасында келген дүние дер едім.

Қазір Қызылорда спортшыларының ішінде үздіктер қатарына қосылып келе жатырмыз. Себебі ірі турнирлердегі жеңістермен қоса, облыс бойынша өз бағытымда бірнеше номинация алғанмын. Ал бапкерім Қытайдағы нәтиже

үлкен жетістік екенін айтты. Бұл – мен үшін үлкен қуаныш. Енді осы дәрежеміз одан әрі көтеруге және өзінді дамытуға бар күшімді саламын. Алда әлі талай ел абыройын асқақтатуға мүмкіндік алатын үлкен додалар тосып тұр. Сәтін салса, сол жарыстардан жүлдегі оралсам деймін. Әзірге мақсатым да, жоспарым да – осы», – деді.

Аталған бәсекеде топ жарған жүйріктің қатарында Абылайхан Жұбаназар да бар. Ол биыл үлкен белесті бағындырып, Грузияның астанасы Тбилисиде дзюдодан өткен «Grand Slam» турнирінде күміс жүлдегер атанды. Араға алты ай салып, Қытайдың Ханчжоу қаласында өткен XIX жазғы Азия ойындарына қатысып, қола жүлде иеленді.

Қазалы қаласында 2000 жылы дүниеге келген Абылайхан қазақ күресіне 2013 жылы аяқ басты. Оның бозкілемдегі шапшаңдығын байқаған бапкері Мұхтар Күзентаев болатын. Талантты жасты қыран құстай баптаған бапкер мен еңбекқор шөкірттің ұзақ жылғы табан ет, маңдай тері уақыт өте ақталды. Өуелі ауданда, кейін облыс пен республикада спортшының жеңісті жолы басталды. Мәселен, республикалық «Жас барыс» турнирінде бес мәрте топ жарды. Кейін самбодан Азия чемпионы, дзюдодан Қазақстан жастары арасында екі дүркін жеңімпаз атанды. Осылайша, өзінің шын мықты екенін дәлелдеген балуан кейін байрақты бәсекелерде топ жарды.

– Биыл халықаралық жарыстарда бағым жанды. Жыл басында Грузияда «Grand Slam-да» үздік үштіктен көрініп, күміс жүлдені еншіледім. Бұған дейін «Grand Slam» және Гран-при жарыстарында жүлде алып көрмегенмін. Содан әлемдік доданың екінші күні 81 келіге дейінгі салмақта финалға дейін төрт кездесу өткіздім. Жарысты екінші айналымнан бастап, іріктеу кезеңінде Канада және Польша спортшыларымен тізе бүктіріп, артта қалдырдым. Сонан соң ширек финалда молдвалық Виктор Стерпулен басым түстім. Ал жартылай финалда татами иесі, грузиялық Дмитрий Гочилидзеде вазари әдісімен ұтылып жатып, таза жеңіске жеттім. Ақтық сында аустриялық Уашид Борчашвилимен алтын жүлдені сарапқа салдық. Спорт болған соң жеңіс пен жеңіліс қатар жүреді. Ол жолы маған алтын емес, күміс медаль бұйырды, – деді ол.

Жинақтаған Р.МАҚСҰТ

**СЕМСЕРЛЕСУДЕН – 42 ЖҮЛДЕ**



**Қазақстанның семсерлесушілері биылғы маусымды қорытындылады. Түрлі жас ерекшеліктері бойынша жалауы желбіреген халықаралық жарыстарда жерлестер 42 медальға иелік етті.**

Солардың арасындағы ең құндысы – шілде айының соңында Миланда өткен әлем чемпионатының қола медалі. Оның иегері – Руслан Құрбанов. «Шапағашылардың» сайысында ол мажарстандық Мате Тама Коч пен италиялық Давиде Ди Веролиден ғана қалып қойды. Бұл – отандық семсерлесушілердің дүниежүзілік доладағы тұңғыш жүлдесі. Дәл осы спортшы Әлем кубогінің кезеңдік сайысында үшінші орынға табан тіреді. Аталған жарыста Артем Саркисян («сабля») күміс медальды мойнына іпсе, құрамында Руслан Құрбанов, Елмир Әлімжанов, Ерлік Сертай, Вадим Шарлаимов сынды сайыпқырандары бар Қазақстан құрамасы («шпага») бас жүлдені олжалады. Бұл бәсекелер Италияның Падуа мен Леньяно және Түркияның Ыстанбұл қалаларында өтті.

Қытайдың Хуанчжоу қаласында алауы тұтанған Азия ойындарының командалық сайысында отандастарымыз бір күміс пен бір қоланы еншілесе, Елмир Әлімжанов үздік үштікті түйіндеді. Сондай-ақ Дүниежүзілік универсиадада жеңіп алған қола медаль тағы бар.

**«ЖЫЛ СПОРТШЫСЫ» АНЫҚТАЛДЫ**



**Елордада дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын «Астана» спорт форумы өтті. Форум аясында жылдың үздік спортшылары анықталды.**

Бейбітшілік және келісім сарайында

қазылар алқасы мүшелерінің дауыс беру қорытындысы жарияланып, номинациялардың жеңімпаздары марапатталды. Бокстан 75 келіде әлем чемпионы Нұрбек Оралбай «Ерлер арасындағы жыл спортшысы» атанды. «Әкімдік пен Спортшылар одағы осы іс-шараны бірлесіп өткізу туралы шешім қабылдады. Елордада спорт саласы дамып келеді. Бұл біз үшін ерекше маңызға ие. Спорт біріктіреді. Оның күші міне осы», – деді Астана әкімінің орынбасары Есет Байкен.

**БӘСЕКЕДЕ БАСЫМ ТҮСТІ**



**Футзалдан 2024 жылы Өзбекстанда шымылдығы түрілетін әлем чемпионатының іріктеу турниріндегі соңғы кездесуін жерлестеріміз Румынияға қарсы өткізді.**

Бухарестте өткен матчтың ел құрамасы үшін еш маңызы жоқ еді. Себебі біздің жігіттер алға қойған жоспарын күні бұрын орындап, жолдамаға иелік етті. Соған қарамастан команданың бас бапкері Кака бұл кездесуге мықты ойыншыларының барлығын қосты. Нәтижесінде бұл бәсекеде де басымдық таныттық. 8-минутта Шығыс Есенаманов есеп ашса, 26-минутта Біржан Оразов екінші голды соқты. Есеп – 2:0.

Сөйтіп, алты бәсекенің барлығында жеңіске жеткен Қазақстанның футболшылары 18 ұпайды қоржынға салып, жарыс кестесінде жеке-дара көш бастады. Отандастарымыз осы жетістігі арқылы келесі жылы өтетін әлем чемпионатында күш сынасу мүмкіндігіне ие болды.

Бетті дайындаған Б.ШАҒЫРОВ

**Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласына қарасты Тасбөгет кентіндегі денешынықтыру-сауықтыру кешенінің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.**

Аймақ басшысы тұрғындарды жаңа нысанның ашылуымен құттықтады. – Мемлекет басшысы «Ұлт денсаулығын бекемдеу мәселесі өте өзекті. Барлық жас санаты арасында бұқаралық спорт түрлерін насихаттау керек. Балалар үшін спорттық инфрақұрылымның барынша қолжетімді болуын қамтамасыз ету керек» деген еді.

Бүгінде елімізде салауатты өмір салтын қалыптастыруға айрықша назар аударылып, бұқаралық спортты дамыту стратегиялық басым бағыттың біріне айналды. Облыста спортпен шұғылданатын тұрғындар үлесі 38 пайызға, яғни 328597 адамға жетті. Халықты ынталандыру үшін талапқа сай келетін спорт нысандарының қолжетімді болуы маңызды. Облыс орталығында 7 мың орынға арналған орталық стадион және жабық бассейні бар көпсалалы денешынықтыру-сауықтыру кешені салынады. Үстел теннисі орталығының

құрылысын да бастамақпыз. Аудандарда 2,6 млрд теңгеге 11 денешынықтыру кешені салынады, бүгінде 6-ауы тапсырылды, қалғаны жақын күндері пайдалануға беріледі. Соның бірі – осы денешынықтыру-сауықтыру кешені. Бұл кешен болашақ чемпиондардың үлкен спортқа жасаған қадамына алғашқы баспалдақ болсын! – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Рәсімде қазақ күресінен



*Жаңа кешен – салаға серасым*

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ-САУЫҚТЫРУ КЕШЕНІ

Әлем чемпионы, «Сыр барысы» Нұрым Сәлімгереев жерлестерін құттықтап, Жалағаш ауданының Құрметті азаматы Төлеш Әлиев бата берді.

Сондай-ақ құрылысты салуға атсалысқан мердігер мекеменің қызметкерлері және кенттің дамуына үлес қосқан азаматтар марапатталды.

Айта кетейік, жаңа нысан құрылысына облыстық бюджеттен 514,5 млн теңге бөлінді, 100 орынға лайықталған кешенді «Интегрострой» ЖШС салды.

Биыл облыс спортшылары әлемдік ареналарда жоғары табысқа қол жеткізіп, Тәуелсіз еліміздің мәртебесін асқақтатты. Жыл басынан бері ел чемпионаттары мен кубоктарында мыңнан аса медаль (1158, 376 алтын, 358 күміс, 424 қола), Әлем және Азия чемпионаттарында 245 медаль (94 алтын, 71 күміс, 80 қола) алды. Қытайдың Хуанчжоу қаласында өткен XIX Жазғы Азия ойындарында 6 спортшы, IV Жазғы Пара Азия ойындарында 3 спортшы сәтті өнер көрсетіп, жүлдемен оралды. Будапештте каратэден өткен Әлем чемпионатында Мәлдір Жаңбырбай Әлем чемпионы, самбодан жасөспірімдер арасында Нұржан Тумырзаев жеңімпаз атанды.



**Жылды қалай қарсы алсаң...**

**Жолаушылар рейске Аяз ата бас киімімен келеді**

Гүлжанат Жалғасбекқызы, FlyArystan компаниясының бортсерігі:


– Жаңа жылды соңғы үш жылда отбасыман бөлек қарсы алып жүрмін. Әр жылы 31 желтоқсан жұмыс күніме түседі. Әрине отбасылық мерекені жақыныммен атап өтуді қалар едім. Бірақ жұмыста да қызықты өтеді. Әркім өз үйінен тәтті әкеліп, бірге шай ішіп, әріптестермен жаңа жылдық кешті тойлаймыз. Әр жылы әуе бортында жаңа жылдық әуендер қойылады. Бұл біздің ғана емес, жолаушылардың да көңілін көтеріп, әсер сыйлайды. Былтыр жолаушылар рейске әдемі дайындалып келген болатын. Жаңа жылдық бас киім мен әшекейін тағып келді. Олардың жүзіндегі қуаныш пен күлкі мерекенің мерейін айшықтай түседі. Бастысы, жолаушылар ыстық ықыласын білдіріп, жайлы сапарына алғыс айтады.

**Мерекеді еңбекақы екі есе төленеді**

Еркебұлан Әлібекұлы, Әулие-ата халықаралық әуежайының авиадиспетчері:

– Авиацияда бес жыл қызмет атқарсам, екі рет жаңа жылды жұмыста

Өткен жылға өкпе артпай, келер жылға үмітпен қарайтын жандар үшін бұл мерекенің маңызы зор. Жайылған ақ дастархан басында тілек айтып, отбасымен уақыт өткізу тамаша. Дегенмен халыққа қалтқысыз қызмет ететін мамандарға мұндай сәт бұйыра бермейді. Тәртіп пен талапқа бағынып, мереке таяғанда кезекшілікте болады. Сөйте тұра олар «қап» деп күрсінбейтінін жеткізді.



қарсы алдым. Бұл жолы тағы да солай. Бала шағымызда жаңа жылды асыға күткеніміз рас. Түрлі сыйлық алып, тәтті жеп, Президент құттықтауынан кейін от шашу тамашалайтынбыз. Отбасымен бірге «Один дома» фильмін көру де ғажайып мерекені сезіндіретін. Мереке мезетіндегі қызықты сәттер жадыма. Қазір өзіміз ата-ана атандық. Есейдік. Содан болар, мерекені тағатсыз тосу да тыйылған тәрізді.

Жаңа жылда жұмыста болатыным мені қынжылтпайды. Өйткені отбасымдағы жауапкершілікті, қызметтік міндетімді мүлтіксіз орындауға мүмкіндік. 31 желтоқсанда күндіз немесе 1 және 2 қаңтар күні

отбасыма уақыт арнап, мерекені бірге тойлаймыз. Ал кешке жұмыста боламын. Негізі мереке күнінде еңбекақы да екі есе төленеді.

Жаңа жылда жұмыста ерекше атмосфераны аңғарамыз. Туған-туысына немесе саяхатқа асыққан көпшілік мерекелік көңіл-күймен жүреді. Біз олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, диттеген жеріне аман-есен жетуін қадағалаймыз. Яғни әуедегі ұшақты жерден басқарып отырамыз. Тіпті қаладағы от шашу да бізге айқын көрінеді. Сондай-ақ тосын жайттың да күегері боламыз. Мәселен, ұшақ Тараздан Астана бағытына жүріп,

кенеттен ұшқыш кері қайтатынын хабарлады. Аң-таң болдық. Сөйтсек бір жолаушы ішімдік ішіп, ережені ескермеді. Осылайша оны Таразда қалдырып, Астанаға қайта ұшуына тура келді. Яғни өзге жолаушылардың аمانдығы мен жайлы жетуін назарда ұстаймыз.

**00:00-де мерекені науқастың үйінде қарсы аламыз**

Айнұр Әбдікәрімова, №3 қалалық емхананың фельдшері:

– Медицина саласында қызмет атқарып жүргеніме он жылдан асты. Жаңа жыл қарсаңында үшінші рет түнгі ауысымға түсіп отырмын. Әрине отбасымен қарсы алып, бірге тойлау ерекше сезім. Бірақ «әттеген-ай» деген өкініш болған емес. Біз үшін халықтың денсаулығы бәрінен маңызды. Жүрек қалауымен түскен мамандық болғандықтан, жұмысты абыроймен атқару парыз. Тіпті 8 және 22 наурыз мерекесінде де кезекшілікте болғанмын. Аурудың мезгіл, мекен таңдамайтыны көпке аян. Сондықтан кез келген уақытта жедел-жәрдемге қоңырау түседі. Мұндайда мерекені ойлау да әбестік болар еді. Науқастың жағдайы оңалып, алғаусыз алғысын білдірсе мен үшін нағыз мереке сол. Негізі 31-і күні де көп қоңырау түседі. Осылайша жаңа жылды науқастың үйінде қарсы алатынымыз бар.

Замира ҚОНЫСЖАН

**ЖҰЛДЫЗ – ЖОРАМАЛ**

(28 желтоқсан-6 қаңтар)

**Тоқты**

Апта басында өзге адамдардың ұсынысы мен бастамасы сіз үшін пайдалы болуы мүмкін. Жақындарыңызбен жылы қарым-қатынас орнатыңыз. Қандай қиындыққа да мойымай еңбек етсеңіз, өз жемісін береді.

**Торпақ**

Қаржылық жағдайыңызды жақсарту үшін қолдан келгенше аянып қалмаңыз. Шектен тыс сабырсыздық сізге пайда әкелмейді.

**Егіздер**

Бойыңыздағы зор энергия ойдағы жоспардың орындалуына ықпал тигізеді. Маңызды шаруалардың бел ортасында жүресіз.

**Шаян**

Ұсақ-түйекке бола жүйкеңізді жұқартпаңыз, қиындықтар шешімін табады. Бұл аптада сәтті қадамдар жасалады. Таңғаларлық оқиға, күтпеген жағдайлар орын алуы мүмкін.

**Арыстан**

Жұмысыңызда елеулі өзгерістер болып, шеніңіз өсуі мүмкін. Қолға алған кез келген жобада олжалы болуыңыз ықтимал. Тіпті қарсыластарыңызды шаң қаптырып, жоспарламаған бастамаларды да реттейсіз.

**Бикеш**

Апта басында күш-қуатыңыз төмендеуі мүмкін. Барынша сабыр сақтаңыз. Ұжымыңызда қиын әрі жауапты істі сізге тапсыруы мүмкін.

**Таразы**

Аптаның басында денсаулығыңызға жете мән бергеніңіз абзал. Сүйіктіңізге сыйлық сыйлап, жылы лебізіңізді білдіріп тұруды ұмытпаңыз. Демалыс күндері отбасыңыздың жанында демалғаныңыз дұрыс.

**Сарышаян**

Осы аптада асықпай жүріп жетістікке жетуіңіз мүмкін. Жан-жақтан келіп түскен ұсыныстарды жіті ойлап, дұрыс шешім қабылдағаныңыз абзал. Басшылық жаңа ұжым құруы мүмкін. Сіздің ойыңыз бен жобаларыңыздың жүзеге асуы қиынға түспек.

**Мерген**

Аптаның ортасында ерекше тосын сыйдың иесі атанасыз. Ұзақ уақыттан бері мазалаған қаражат мәселесі шешілмек. Басшылықтың көңілінен шығу үшін берген тапсырмаларын дер кезінде орындап жүріңіз.

**Тауешкі**

Жеңіл ой мен көкіректіктен құтылуға тырысыңыз. Басында бері жақсы болғанмен, кез келген сәтте кері әсерін тигізуі мүмкін. Араласып жүрген адамдарыңызды жақсы танымай жатып ішкі сырыңызды ақтармаңыз.

**Сұқұйғыш**

Жақындарыңыздан көңіл қалатын сәттер болуы мүмкін. Мойымаңыз, кателіктеріңізді түсініп, дұрыс шешім қабылдай білген жөн. Қатты шаршап жүргендіктен, өмірге деген көзқарасыңыз өзгерген. Бойыңыздағы барлық күш қуатыңызды жинап, тек алға ұмтылыңыз.

**Балық**

Бұл жеті күн тосын сыйларға толы. Сіз көптен көрмеген достарыңызбен ойда жоқта кездесіп қалуыңыз мүмкін. Көптен сағындырған ескі таныстарыңыз көңіліңізді «көктем» етері сөзсіз.

Жаңа жыл – шаттыққа толы мейрам. Бұл күн ғажайыпқа, бақытқа толы. Сыйлықтар, жылы лебіз, мерекелік дастархан мерекенің шырайын келтіреді. Жыл қорытындысын жасап, өткенге көз жүгіртіп, келер жылға жаңа мақсат қоятын сәт туады. Тағы да айта кететін ерекше жайт, ол – жаңа жылмен тұспа-тұс келетін туған күн. Бұл күн екі есе қуанышқа толы ма? Әлде жаңа жылдық қарбаластың ығында байқалмай өтіп кете ме? 31 желтоқсан күні дүние есігін ашқан жандар не дейді?

**Сыйлық жауатын күн Нұрислам Ысқақұлы, 7 жас:**

– 31 желтоқсанда туғанымға қатты қуанамын, себебі бұл күн шат-шадыманға толы. Бұл күн туған күніммен шектелмейді, әжемнің де дүние есігін ашқан күні. Сонымен қатар ескі жылды шығарып салып, жаңа жылға қадам басамыз. Бұл мейрам балаларға ерекше жылулық сыйлайды, өйткені мен таңғажайыпқа сенемін. Жаңа жылда өнерге жақын жан көп, олар жыл сайын біз үшін кішігірім концерт ұйымдастырады. Өпкем ән шырқайды, ағаларым мультфильм кейіпкерлерінің киімін киіп, концерттік нөмірлермен көңілімізді көтереді. Сондай-ақ көп сыйлық аламын. Отбасым мейрамды да, туған күнді де бейжай қалдырмай, әрқашан бақытқа кенелтеді.

**Пианино қуаныш сыйлады Ақбота Жүрсінбекқызы, 18 жас:**

– Кішкентай кезімнен туған күнімді асыға күтетінім. «Қонақ келсе – құт» демекші, үйге келген әрбір қонақ жаңа жылға және маған арнаған сыйлығын әкелуші еді. Үйді дастархан жайып, шаңырақ шуаққа кенелетін. Сыйлыққа кенде болмадым десем артық айтпаймын. Балалық шағымның ең есте қаларлық сыйлығы – пианино. Ал бойжете келе бағалы сыйлық алып, қалағанымға ие бола бастадым. Жаңа жылда төрт үрлеп, көп құттықтау естимін. Есейе келе туған күнді ата-анамнан бөлек, дос-жарандарыммен қарсы ала бастадым. Кейде өзімді қуанту үшін шопинг жасап, құрбыларыммен кино тамашалауға барамыз. Бір ерекшелігі, қай жерде немесе қандай ортада болсам да, ешқашан туған күнім құттықтаусыз қалған емес. Алайда тек жаңа жыл мен достарымның, жақын жандардың арасында ғана тойлаған ұнайды. Сағат тілі 12-ден асқан соң мені көп адам әлеуметтік желі арқылы құттықтайды. 31 желтоқсанда төрткіл дүние мерекелік көңіл күйде, жүзі қуанышқа бөленіп жүреді. Бұл шаттыққа бөлейді.

**27 жылда екі рет қана тойлаған Абай Нұрланұлы, 27 жас:**

– Бала кезімде жаңа жылда туған керемет деп ойладым. Себебі жаңа жылды тойлауға келген қонақтарды мені құттықтауға келді деп ойлайтынмын.



**Жаңа жылда мереке: туғандар**

Туған күніңді атап өтейін десең, барлығы отбасымен жаңа жылды қарсы алғысы келеді. 27 жылда екі рет қана туған күнімді атап өтіппін. Бір жылдың жүгін арқалап жүресің. Алайда қуантатыны, туған күніме алатын сыйлықтар жылда бір-бірінен ерекшеленіп тұрады. Жаңа жыл мен туған күн қатар келгеніне қуанып кетесің. Себебі шынайы тілектер естисің. Келер жылға арман-мақсат құрып, жаңа леппен қадам басасың.

**P.S** Сөзімізге тұздық ретінде айта кетсек, 2023 жылдың жаңа жыл қарсаңында Қазақстанда 240 бала дүние келген екен. Ал өңірде 16 сәби туған. Олардың 10-ы ұл, 6-ауы қыз.

**Нұршат НЫШАНОВА**



Кезекші редактор: З.ҚОНЫСЖАН

**Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

**БАС ДИРЕКТОР**  
Аманжол ОҒҒАРБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:  
Тел/факс: 40-11-10

**БАС РЕДАКТОР**  
Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А  
**e-mail:** aqmeshit\_zhastary.kz@mail.ru  
**Instagram:** @aqmeshiit\_zhastary / сайт: aqmeshit\_zhastary.kz

**Таралымы: 6931**  
**Тапсырыс: 2057**

**АҚМЕШІТ жастары**

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.